Кілтті сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, азық-түлік тұтыну, экономикалық қолжетімділік, кедейлік деңгейі, өңірлік айырмашылықтар, рационалды нормалар, халықтың кірістері.

*G. Kabdullina[1], *N. Kurmanov[2], A. Kabdolla[3], Y. Bukatov[4], Z. Kose[5]*
[1]Kostanay Social-Technical University named after Academician Z. Aldamzhar, Republic of Kazakhstan, Kostanay;
[2]L. N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan, Astana;
[3]KPMG Caucasus and Central Asia, Republic of Kazakhstan, Astana;
[4,5]Karaganda University of Kazpotrebsoyuz, Republic of Kazakhstan, Karaganda.
Received 26.12.24
Received in revised form 22.01.25
Accepted for publication 11.02.2

REGIONAL ASPECTS OF FOOD SECURITY IN KAZAKHSTAN: ANALYSIS OF ACCESSIBILITY AND SOCIO-ECONOMIC FACTORS

The article is devoted to the study of the problem of food security in Kazakhstan, with an emphasis on regional aspects of food accessibility. The economic and social factors influencing the availability of food, including the income level of the population and the degree of poverty, are considered. The analysis was based on the data of official statistics of

Kazakhstan for 2023, as well as scientifically based physiological norms of food consumption. The paper provides a comparative analysis of regional differences in food consumption, and identifies key imbalances between actual consumption and standards. Statistical analysis methods were used to assess the relationship between economic indicators and food availability. The analysis showed that regions with low incomes and a high proportion of the poor significantly lag behind rational consumption standards, which increases food inequality. The results obtained confirm that ensuring food security requires an integrated approach, including increasing household incomes, supporting local agriculture, and implementing educational programs on nutrition. The article offers recommendations for reducing regional disparities and improving food security, including developing local food production and stimulating their availability. The article has scientific and practical significance, contributing to the development of an effective state policy in the field of food security aimed at sustainable socio-economic development of Kazakhstan.

Keywords: food security, food consumption, economic accessibility, poverty level, regional disparities, rational norms, population income.

ҒТАМР 06.01.05

https://doi.org/10.48081/GJAG6537

Н. Б. Кайсанова[1], Ж. Т. Конурбаева[2]
[1]Қазақ Американдық Еркін Университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.
[2]Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан Техникалық университеті, Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0009-0002-0047-5973
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6457-392X
*e-mail: 01-brilliant@mail.ru

КӘСІПОРЫНДЫ БАСҚАРУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ ЖЕТІЛУ ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІ

Мақалада цифрлық жетілу ұғымы және оны бағалаудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Цифрлық жетілу – бұл компанияның заманауи технологияларды енгізу және пайдалану арқылы бизнес-процестерді оңтайландыруға, инновациялық шешімдерді қолдануға және нарықтық жағдайларға икемделуге қабілеттілік деңгейін сипаттайтын маңызды көрсеткіш. Мақалада цифрлық жетілудің әртүрлі деңгейлерін сипаттау үшін қолданылатын негізгі тәсілдер мен көрсеткіштер жүйеленген. Мысалы, ODMM (Open Digital Maturity Model), Digital Maturity Index (DMI), Digital Maturity Model (DMM), сондай-ақ International Institute for Management Development (IMD) және Cisco әзірлеген Digitization Piano модельдері талданады. Бұл модельдер ұйымның цифрлық жетілуін бағалау үшін қолданылатын негізгі категориялар мен өлшемдерге негізделген. Бағалау салаларына стратегия мен көшбасшылық, цифрлық мәдениет, IT-мүмкіндіктер, клиентке бағдарлану, инновациялар, процестер мен құрылымдық өзгерістер кіреді. Әр модельдің ерекшеліктері, оның қолдану аясы мен кәсіпорынның дамуына қосатын үлесі көрсетілген.Мақалада цифрлық жетілуді бағалаудың әдістемелік құралдары кәсіпорындарға жаңа цифрлық технологияларды енгізу арқылы процестерді оңтайландыру, шығындарды азайту және клиенттердің қанағаттану деңгейін арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірлеу үшін қолданылады.

Зерттеу нәтижелері цифрлық трансформация процесінде ұйымдарға олардың күшті және әлсіз жақтарын анықтап, даму жол картасын құруға көмектеседі.

Кілтті сөздер: цифрлық жетілу, цифрландыру, жетілу модельдері, цифрлық трансформация, бизнес-процестер, цифрлық технологиялар.

Кіріспе

Қазіргі заманғы әлемде цифрлық экономика мен технологиялардың жылдам дамуы бизнеске, экономикаға және қоғамға жаңа талаптар қойып отыр. Кәсіпорындардың цифрлық трансформацияны іске асыруға дайындығы мен қабілеті олардың ұзақ мерзімді жетістігі мен бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады. Бұл тұрғыда цифрлық жетілу ұғымы компаниялардың инновациялық технологияларды қабылдау деңгейін, бизнес-процестерді оңтайландыруға және тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған стратегиялық әрекеттерін бағалаудың маңызды өлшемшартына айналды.

Цифрлық жетілу ұғымының өзектілігі бірнеше негізгі факторлармен айқындалады. Біріншіден, жаһандық экономикадағы цифрландыру үрдісі компанияларды тек технологияларды енгізуге ғана емес, сонымен қатар осы технологияларды тиімді қолдануға бейімделуге итермелейді. Екіншіден, тұтынушылардың сұраныстары мен нарықтық жағдайлардың тез өзгеруі цифрлық құралдар арқылы икемді басқару және жылдам бейімделуді талап етеді. Үшіншіден, жасанды интеллект, үлкен деректер және бұлтты технологиялар сияқты заманауи шешімдердің дамуы компаниялардың инновациялық стратегияларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Цифрлық жетілу – бұл тек технологиялық жетістіктерді енгізу емес, сонымен қатар компанияның жалпы экожүйесінде цифрлық мәдениетті қалыптастыру процесі. Бұл ұйымдардың бизнес үлгілерін қайта қарауға, жаңа нарықтық мүмкіндіктерді зерттеуге және бәсекелестерден озық болуға бағытталған. Алайда, цифрлық жетілу деңгейін бағалаудың бірыңғай әдістемесі жоқ болғандықтан, бұл мәселені зерттеу үшін кең ғылыми және практикалық алаң қалыптасқан.

Цифрландыру қарқыны әсіресе корпоративтік секторда байқалады. International Data Corporation (IDC) компаниясының мәліметі бойынша, 2024 жылға дейін компаниялар цифрлық трансформацияға 2,8 триллион АҚШ долларынан астам қаражат жұмсайды [1]. Бұл тек қана технологияларды енгізуді емес, сондай-ақ бизнес үлгілерін қайта қарауды, процестерді автоматтандыруды және инновациялық стратегияларды енгізуді талап етеді.

Сонымен қатар, McKinsey зерттеулеріне сәйкес, цифрлық жетілу деңгейі жоғары компаниялар орташа есеппен 30 %-ға тиімдірек және бәсекелестеріне қарағанда нарықта 50 %-ға жылдам дамиды [2].

Цифрлық жетілу ұғымы – бұл ұйымдардың қазіргі заманғы технологияларды пайдалану және оларды бизнес-процестерге интеграциялау қабілетін сипаттайтын маңызды көрсеткіш. Бұл көрсеткіш компаниялардың тек технологиялық мүмкіндіктерін ғана емес, сонымен қатар ұйымдық құрылымдарындағы цифрлық мәдениетті дамыту деңгейін де қамтиды. Мысалы, Accenture зерттеулеріне сәйкес [3], цифрлық трансформацияны толық жүзеге асырған ұйымдардың 50 %-дан астамы өз өнімділігін 25 %-ға дейін арттырған. Сонымен бірге, цифрлық жетілуді арттыру қызметкерлердің тиімділігі мен тұтынушылардың қанағаттану деңгейін едәуір жоғарылатады.

Бұл мақалада цифрлық жетілу ұғымының әртүрлі анықтамалары талданып, осы тұжырымдаманы түсіну және оны тәжірибеде қолдану үшін нақты негіз ұсынылады. Сонымен қатар, цифрлық жетілу үлгілеріне талдау жасалып, оларды бағалау әдістері мен критерийлері жүйеленеді. Әрбір компания үшін цифрлық жетілу деңгейін анықтау – оның болашақтағы бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін маңызды қадам. Сондықтан бұл тақырыптың зерттелуі цифрлық экономикадағы компаниялардың жетілу деңгейін бағалау әдістерін жетілдіруге елеулі үлес қосады.

Цифрлық жетілуді бағалау әдістерін зерттеудің нәтижелері қазіргі таңдағы кәсіпорындардың цифрлық трансформациясын тиімді жоспарлау және іске асыру үшін құнды құрал болып табылады. Бұл зерттеу тек академиялық қоғамдастық үшін ғана емес, сонымен бірге бизнес орта үшін де маңызды, өйткені цифрлық жетілу деңгейін дұрыс бағалау компанияның ұзақ мерзімді жетістігін анықтауда шешуші рөл атқарады.

Материалдар мен әдістері

Бұл зерттеу цифрлық жетілу деңгейін бағалау әдістерін анықтау мақсатында әдеби шолу форматында жазылған. Зерттеудің негізгі материалдары ретінде цифрлық экономика, цифрлық жетілу, трансформация және автоматтандыру тақырыптарына арналған ғылыми мақалалар, монографиялар, есептер мен аналитикалық шолулар пайдаланылды. Зерттеу барысында келесі әдістер қолданылды: жүйелік талдау арқылы цифрлық жетілу ұғымының эволюциясы, оның негізгі компоненттері мен мазмұны қарастырылды. Құрылымдық талдау арқылы цифрлық жетілу үлгілерінің ішкі құрылымдары зерттелді, олардың артықшылықтары мен шектеулері талданды. Салыстырмалы талдау арқылы әртүрлі зерттеулердегі цифрлық жетілуді бағалау тәсілдері мен әдістемелері салыстырылып, шетелдік және отандық тәжірибелер арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар

айқындалды. Мазмұнды талдау әдісі арқылы әдебиет көздеріндегі цифрлық жетілуге қатысты анықтамалар, тәсілдер және модельдер зерттелді, олардың тиімділігі мен қолданыс аясы бағаланды.

Әдебиеттерге шолу барысында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі жарияланымдар қамтылды. Іздеу жұмыстары электронды кітапханалар базасында, сондай-ақ Elibrary, Google Scholar, PubMed және Web of Science ресурстарында жүргізілді. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі әдебиеттер 2014–2024 жылдар аралығында, яғни соңғы 10 жылды қамти отырып, зерттелді. Іздеу кілт сөздер негізінде жүргізіліп, жалпы 204 ғылыми мақаланың дереккөздері табылды. Олардың ішінде зерттеу тақырыбына сәйкес ең маңызды деп танылған 25 мақала таңдап алынды.

Дереккөздерді іріктеу алгоритмі 1-суретте көрсетілген.



1 – Сурет Дереккөздерді іріктеу алгоритмі

Қосылу критерийлері:

– 2014-2024 жылдар аралығында жарияланған дереккөздер.

– Қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған мақалалар.

– Ғылыми мақалалар, рецензияланған журналдардағы жарияланымдар, конференция материалдары.

– Электронды кітапханалар мен ғылыми деректер базасында толық мәтіні қолжетімді мақалалар.

Нәтижелер және талқылау

Цифрлық жетілу – бұл қазіргі заманғы экономикалық және технологиялық даму үдерістерінде маңызды рөл атқаратын концепция. Оның мәні мен мазмұны әртүрлі авторлар мен зерттеушілер тарапынан әрқалай түсіндіріледі. Әдеби шолу барысында цифрлық жетілу ұғымына байланысты әртүрлі анықтамалар талданып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындалды.

Цифрлық жетілу, әдетте, компанияның заманауи технологияларды пайдалану арқылы өз қызметін оңтайландыру және инновациялық шешімдерді енгізу қабілетін сипаттайды. Бұл ұғым цифрлық трансформациямен тығыз байланысты, бірақ оған қарағанда кеңірек сипатқа ие. Егер цифрлық трансформация – бұл өзгерістерге бағытталған процесс болса, цифрлық жетілу осы өзгерістердің нәтижесі болып табылады.

Ғылыми әдебиетте цифрлық жетілуге бірыңғай түсінік жоқ, өйткені әрбір зерттеуші оны өз зерттеу мәселесінде түсіндіреді. Анықтамаларда цифрлық жетілу көбінесе компанияның технологиялық дайындық деңгейі, инновацияларды енгізу қабілеті, процестерді автоматтандыру дәрежесі және цифрлық ортаға бейімделу деңгейі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, авторлар бұл ұғымды тек технологиялармен ғана емес, сондай-ақ ұйымдық құрылымдардың, корпоративтік мәдениеттің және қызметкерлердің цифрлық дағдыларын дамытуымен байланыстырады.

Әдебиеттердегі негізгі анықтамаларды салыстыру үшін цифрлық жетілудің әртүрлі авторлар ұсынған анықтамалары төмендегі кестеде жүйеленді. Бұл кесте цифрлық жетілудің көпқырлы мәнін түсінуге және оның әртүрлі интерпретацияларын талдауға мүмкіндік береді (Кесте 1).

1 – Кесте «Цифрлық жетілу» түсінігі

№	Авторалар	Анықтамасы
1	А. А. Буганова, С. Ы. Умирзаков, А. А. Нурпеисова [4]	Цифрлық жетілу – бұл ақпаратты аналогтық форматтан сандық форматқа ауыстыру процесі, оның мақсаты ішкі процестерді оңтайландыру (автоматтандыру) және қағаз жұмысын барынша азайту
2	М.А. Женчур, Г. П. Платунина, М. О. Громова [5]	Цифрлық жетілу нарықтағы жағдайлардың өзгеруін реттеуші құрал ретінде қарастырылады
3	I.V. Aslanova, A.I. Kulichkina [6]	Бұл цифрлық экономика мен Индустрия 4.0 аясында пайда болған құбылыс
4	A.Rossmann [7]	Бұл ұйымның стратегия, көшбасшылық, бизнес пен операциялық модельдер, адам ресурстары, мәдениет, басқару және технология сияқты сегіз негізгі қабілет өлшемдерін қамтитын тұжырымдама

5	D. Rader [8]	Бұл сандық технологияларды тиімділікке қол жеткізуден бастап, жаңа бизнес модельдерін инновациялық тәсілдермен құруға дейін қолдану әдісі
6	R. Teichert [9]	Бұл ұйымдардың сандық трансформацияны жүзеге асыру қабілетін бағалауға арналған күрделі көпөлшемді тұжырымдама
7	G. Thomas [10]	Шағын және орта кәсіпорындардың цифрлық трансформация процестері аясында түрлі мүмкіндіктер мен қиындықтарға тап болатын қабілетін сипаттайды

«Цифрлық жетілу» түсінігі, кестеде көрсетілгендей, әртүрлі авторлар тарапынан әр қырынан сипатталады және бұл ұғымның көпқырлы екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, цифрлық жетілу ұйымдардың цифрлық трансформацияны жүзеге асыруға дайындығын, қабілетін және әлеуетін анықтауға арналған кешенді ұғым болып табылады. Кестеде ұсынылған анықтамалар бұл ұғымның бірнеше негізгі аспектілерін көрсетеді. Біріншіден, цифрлық жетілу технологиялық трансформацияны (ақпаратты аналогтық форматтан цифрлық форматқа ауыстыру, процестерді автоматтандыру) қамтиды. Екіншіден, цифрлық жетілу ұйымның нарық жағдайларына бейімделуіне көмектеседі. Кеңірек мағынада, кей авторлар цифрлық жетілуді стратегия, көшбасшылық, мәдениет және технологиялар сияқты бірнеше өлшемді қамтитын күрделі ұғым ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, цифрлық жетілуді шағын және орта кәсіпорындар үшін маңызды деп қарастырып, оның жаңа бизнес модельдерін дамытудағы және нарықтағы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлін атап өтеді.

Цифрлық жетілу деңгейін бағалау – компанияның заманауи технологияларды тиімді енгізу және пайдалану қабілетін анықтау үшін маңызды құрал. Бұл бағалау кәсіпорынның қазіргі даму деңгейін түсінуге, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және цифрлық трансформация стратегиясын қалыптастыруға мүмкіндік береді (Кесте 2).

2 – Кесте Цифрлық жетілуді бағалау әдістері

№	Авторлар/ Дереккөз	Ұсынған әдістемесі	Сипаттамасы

1	В. И. Абрамов, А.В. Борзов, К. Ю. Семенков [11]	Цифрлық жетілудің ашық моделі (ODMM)	Бұл модель ұйымның цифрлық жетілуін стратегиялық динамизм, клиентке бағдарлану, цифрлық мәдениет, персонал мен дағдылар, инновациялар мен үнемділік, үлкен деректер мен жасанды интеллект, технологиялық көшбасшылық сияқты 6 негізгі топ бойынша егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік береді.
2	Т.П. Рахлис, М. М. Исаева [12]	KPMG сандық қабілеттілікті бағалау моделі	Цифрлық жетілуді бағалауда бес негізгі сала қарастырылады: көрегендік пен стратегия, цифрлық таланттар, негізгі цифрлық процестер, икемді ресурстар мен технологиялар, және көшбасшылық.
3	E. Gökalp, V. Martinez [13]	Цифрлық трансформация қабілеттілігінің жетілу үлгісі DX-CMM	Автор цифрлық жетілуді бағалау үшін арнайы цифрлық трансформация қабілеттілігінің жетілу үлгісін (DX-CMM) пайдалану әдісін сипаттайды. DX-CMM арқылы жетілу деңгейін бағалау барысында ұйымның қазіргі деңгейі мен мақсатты деңгейі арасындағы алшақтықты анықтау үшін арнайы талдау (gap analysis) жүргізіледі.
4	M. Colli [14]	Мәселеге негізделген оқыту (Problem-Based Learning)	Бағалау үдерісі диалектикалық процесс ретінде құрылымдалады, бұл бағаланатын компанияның контекстін тереңірек түсінуге және нақты жағдайларға бағытталған ұсынымдар жасауға мүмкіндік береді.
5	S. R.Hamidi [15]	IMPULS жетілу бағалау моделі	Малайзиядағы шағын және орта кәсіпорындардың (ШОК) Индустрия 4.0 цифрлық трансформациясына дайындығын бағалау және олардың нарықтағы тұрақтылығын арттыруға бағытталған тәсіл

6	A. Tubis [16]	Ұйымдық және процесс деңгейіндегі цифрлық жетілуді бағалау моделі	Кәсіпорындардың цифрлық жетілуін бағалау үшін 11 бағыт пен 105 сұрақтан тұратын диагностикалық құрал жасалған
8	Zhen-Song Chen [17]	Цифрлық жетілуді бағалау үшін байесовтық модель	Сарапшылар деректерін оңтайландыру арқылы объективті цифрлық жетілуді бағалау үшін иерархиялық модель ұсынады.
9	T. Haryanti [18]	Кеңейтілген цифрлық жетілу моделі (DX-SAMM)	Цифрлық жетілу диагностикасы және жақсарту ұсыныстары үшін 7 өлшемді модель.

Кестеде сипатталған цифрлық жетілуді бағалау әдістері тәжірибеге бағытталған және компаниялардың ерекшеліктерін ескере отырып, нақты ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Әдістердің басты ерекшеліктерінің бірі – олардың кешенділігі. Көптеген модельдер бірнеше өлшем бойынша талдау жүргізіп, ұйымдардың стратегиясын, процестерін, технологияларын, цифрлық мәдениетін, көшбасшылығын және басқа да маңызды қырларын жан-жақты қарастырады. Мысалы, ODMM моделі цифрлық жетілуді стратегиялық динамизм, клиентке бағдарлану, цифрлық мәдениет, персонал мен дағдылар, инновациялар және технологиялық көшбасшылық секілді алты топ бойынша егжей-тегжейлі талдайды. KPMG моделі көрегендік пен стратегия, цифрлық таланттар, негізгі цифрлық процестер, ресурстар мен технологиялар, және көшбасшылық сияқты бес негізгі салаға назар аударады. DX-CMM тәсілі gap analysis арқылы ұйымның қазіргі және мақсатты деңгейі арасындағы алшақтықты анықтай отырып, нақты ұсыныстар ұсынады.

IMPULS моделі негізінен шағын және орта кәсіпорындардың Индустрия 4.0-ге дайындығын бағалауға бағытталған және олардың нарықтағы тұрақтылығын арттыруға көмектеседі. Ұйымдық және процесс деңгейіндегі модель терең талдау үшін 11 бағыт пен 105 сұрақтан тұратын диагностикалық құралды пайдаланады. Инновациялық тәсілдердің бірі – байесовтық модель, ол сарапшылар деректерін оңтайландыру арқылы объективті бағалауға мүмкіндік береді. Ал DX-SAMM моделі жеті өлшем бойынша цифрлық жетілуді диагностикалауға және жақсарту ұсыныстарын ұсынуға бағытталған.

Бұл әдістер әртүрлі салаларда, соның ішінде шағын және орта кәсіпорындардан бастап ірі корпорацияларға дейін қолдануға жарамды. Нәтижесінде, бұл әдістер ұйымдардың цифрлық трансформациядағы жетілу деңгейін арттыруға және олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге арналған құнды құралдар болып табылады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен BR21882257 «Инженерлік білім берудің ұлттық үлгісін тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру контекстінде құру » бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру жобасы аясында жүзеге асырылды.

Қорытынды

Цифрлық жетілуді бағалау компанияның заманауи технологияларды енгізу және қолдану арқылы өз қызметін тиімді басқару қабілетін анықтаудың маңызды құралы болып табылады. Зерттеулер цифрлық жетілудің кең ауқымды концепция екенін және оның ұйымдық, технологиялық, мәдени, стратегиялық аспектілерді қамтитынын көрсетті. Бұл көрсеткіш ұйымның цифрлық трансформация деңгейін және нарықтық өзгерістерге бейімделу қабілетін бағалауға мүмкіндік береді. Цифрлық жетілу модельдерін қолдану әр ұйымға өзінің күшті және әлсіз жақтарын түсінуге, даму стратегияларын нақтылауға және болашақтағы табысқа жету жолында тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Осылайша, цифрлық жетілу деңгейін бағалау әдістерін қолдану кәсіпорындардың цифрлық экономика жағдайында бәсекеге қабілеттілігін нығайтудың маңызды қадамы болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Yang, X.** Digital Transformation and Innovation Investments [Text] // Advances in Economics and Management Research. – 2024. – P. 307–309.

2 **Yuswadi, M., Mba, S.** Digital Transformation and Corporate Valuation: Unveiling the Influence of Digital Maturity in Stocks Return in Indonesian FMCG Industry [Text] // International Journal of Current Science Research and Review. – 2024. – P. 4553–4555.

3 **Zhang, B., Wang, S., Zhou, R.** Corporate digital transformation and rank and file employee satisfaction [Text] // China Accounting and Finance Review. – 2024. – P. 485–487.

4 **Буганова, А. А., Умирзаков, С. Ы., Нурпеисова, А. А.** Цифровая экономика и цифровая трансформация в Казахстане [Текст] // Central Asian Economic Review. – 2023. – № 5. – С. 155–168.

5 **Женчур, М. А., Платунина, Г. П., Громова, М. О.** Цифровая трансформация компании [Текст] // Мобильный бизнес: перспективы развития и реализации систем радиосвязи в России и за рубежом. – 2022. – С. 58-62.

6 **Aslanova, I. V., Kulichkina, A. I.** Digital maturity: Definition and model [Text] // 2nd International Scientific and Practical Conference "Modern Management Trends and the Digital Economy: from Regional Development to Global Economic Growth" (MTDE 2020). – 2020. – P. 443–449.

7 **Rossmann, A.** Digital maturity: Conceptualization and measurement model [Text] // Thirty Ninth International Conference on Information Systems. – 2018

8 **Rader, D.** Digital maturity–the new competitive goal [Text] // Strategy & Leadership. – 2019. – T. 47. – № 5. – P. 28–35.

9 **Teichert, R.** Digital transformation maturity: A systematic review of literature [Text] // Acta universitatis agriculturae et silviculturae mendelianae brunensis. – 2019.

10 **Thomas, G.** Digital maturity of HR in SMEs [Text] // European Journal of Economics and Business Studies . – 2021. – P. 56–62

11 **Абрамов, В. И., Борзов, А. В., Семенков, К. Ю.** Теоретико-методологический анализ моделей цифровой зрелости для российских компаний [Текст] // Известия высших учебных заведений. Серия: Экономика, финансы и управление производством. – 2021. – № 4 (50). – С. 42–51.

12 **Рахлис, Т. П., Исаева, М. М.** Оценка цифровой зрелости промышленного предприятия: методологический аспект [Текст] // Российские регионы в фокусе перемен: сборник докладов. – 2021. – P. 480-484.

13 **Gökalp, E., Martinez, V.** Digital transformation capability maturity model enabling the assessment of industrial manufacturers [Text] // Computers in Industry. – 2021. – T. 132. – P. 103–522.

14 **Colli, M. A** maturity assessment approach for conceiving context-specific roadmaps in the Industry 4.0 era [Text] // Annual Reviews in Control. – 2019. – T. 48. – P. 165–177.

15 **Hamidi, S. R.** SMEs maturity model assessment of IR4. 0 digital transformation [Text] // Proceedings of the 7th International Conference on Kansei Engineering and Emotion Research. – 2018. – P. 721–732.

16 **Tubis, A. A.** Digital Maturity Assessment Model for the Organizational and Process Dimensions [Text] // Sustainability. – 2023. – T. 15. – №. 20. – P. 15122.

17 **Chen, Z. S.** Leveraging Probabilistic Optimization for Digital Transformation Maturity Evaluation of Construction Enterprises [Text] // IEEE Transactions on Engineering Management. – 2024. – P. 8717–8746

18 **Haryanti, T., Rakhmawati, N., Subriadi, A.** The Extended Digital Maturity Model [Text] // Big Data Cogn. Comput. – 2023. –P. 17–19.

REFERENCES

1 **Yang, X.** Digital Transformation and Innovation Investments [Text]. Advances in Economics and Management Research. – 2024. – P. 307–309.

2 **Yuswadi, M., Mba, S.** Digital Transformation and Corporate Valuation: Unveiling the Influence of Digital Maturity in Stocks Return in Indonesian FMCG Industry [Text]. International Journal of Current Science Research and Review. – 2024. – P. 4553–4555.

3 **Zhang, B., Wang, S., Zhou, R.** Corporate digital transformation and rank and file employee satisfaction [Text]. China Accounting and Finance Review. – 2024. – P. 485–487.

4 **Buganova, A. A., Umirzakov, S. Y., Nurpeisova, A. A.** Tsifrovaya ekonomika i tsifrovaya transformatsiya v Kazakhstane [Digital economy and digital transformation in Kazakhstan] [Text]. Central Asian Economic Review. – 2023. – № 5. – P. 155–168.

5 **Zhenchur, M. A., Platunina, G. P., Gromova, M. O.** Tsifrovaya transformatsiya kompanii [Digital transformation of the company] [Text]. Mobile business: prospects for the development and implementation of radio communication systems in Russia and abroad. – 2022. – P. 58–62.

6 **Aslanova, I. V., Kulichkina, A. I.** Digital maturity: Definition and model [Text]. 2nd International Scientific and Practical Conference «Modern Management Trends and the Digital Economy: from Regional Development to Global Economic Growth» (MTDE 2020). – 2020. – P. 443–449.

7 **Rossmann, A.** Digital maturity: Conceptualization and measurement model [Text]. Thirty Ninth International Conference on Information Systems. – 2018

8 **Rader, D.** Digital maturity–the new competitive goal [Text]. Strategy & Leadership. – 2019. – T. 47. – № 5. – P. 28-35.

9 **Teichert, R.** Digital transformation maturity: A systematic review of literature [Text]. Acta universitatis agriculturae et silviculturae mendelianae brunensis. – 2019.

10 **Thomas, G.** Digital maturity of HR in SMEs [Text]. European Journal of Economics and Business Studies . – 2021. – P. 56–62.

11 **Abramov, V. I., Borzov, A. V., Semenkov, K. Yu.** Teoretiko-metodologicheskiy analiz modeley tsifrovoy zrelosti dlya rossiyskikh kompaniy [Theoretical and methodological analysis of digital maturity models for Russian

companies] [Text]. News of higher educational institutions. Series: Economics, Finance and Production Management. – 2021. – № 4 (50). – P. 42-51.

12 **Rakhlis, T. P., Isaeva, M. M.** Otsenka tsifrovoy zrelosti promyshlennogo predpriyatiya: metodologicheskiy aspekt [Assessment of the digital maturity of an industrial enterprise: a methodological aspect] [Text] // Russian regions in the focus of change: collection of reports. – 2021. – P. 480–484.

13 **Gökalp, E., Martinez, V.** Digital transformation capability maturity model enabling the assessment of industrial manufacturers [Text]. Computers in Industry. – 2021. – T. 132. – P. 103–522.

14 **Colli, M.** A maturity assessment approach for conceiving context-specific roadmaps in the Industry 4.0 era [Text]. Annual Reviews in Control. – 2019. – T. 48. – P. 165-177.

15 **Hamidi, S. R.** SMEs maturity model assessment of IR4. 0 digital transformation [Text]. Proceedings of the 7th International Conference on Kansei Engineering and Emotion Research. – 2018. – P. 721–732.

16 **Tubis, A. A.** Digital Maturity Assessment Model for the Organizational and Process Dimensions [Text]. Sustainability. – 2023. – T. 15. – № 20. – P. 15122.

17 **Chen, Z. S.** Leveraging Probabilistic Optimization for Digital Transformation Maturity Evaluation of Construction Enterprises [Text]. IEEE Transactions on Engineering Management. – 2024. – P. 8717-8746

18 **Haryanti, T., Rakhmawati, N., Subriadi, A.** The Extended Digital Maturity Model [Text]. Big Data Cogn. Comput. – 2023. –P. 17–19.

26.12.24 ж. баспаға түсті.
23.01.25 ж. түзетулерімен түсті.
11.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Н. Б. Кайсанова[1], Ж. Т. Конурбаева[2]*
[1]Казахстанско-Американский свободный университет,
Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск
[2]Восточно-Казахстанский технический университет имени Д. Серикбаева,
Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск
Поступило в редакцию 26.12.24
Поступило с исправлениями 23.01.25
Принято в печать 11.02.24

МЕТОДЫ ОЦЕНКИ УРОВНЯ ЗРЕЛОСТИ КОМПАНИЙ В ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКЕ

В статье рассматривается понятие цифровой зрелости и методические основы ее оценки. Цифровая зрелость-важный показатель, характеризующий уровень способности компании оптимизировать бизнес-процессы, применять инновационные решения и адаптироваться к рыночным условиям за счет внедрения и использования современных технологий. В статье систематизированы основные подходы и показатели, используемые для описания различных уровней цифровой зрелости. Например, анализируются модели ODMM (Open Digital Maturity Model), Digital Maturity Index (DMI), Digital Maturity Model (DMM), а также Digitization Piano, разработанные International Institute for Management Development (IMD) и Cisco. Эти модели основаны на основных категориях и критериях, используемых для оценки цифровой зрелости организации. Области оценки включают стратегию и лидерство, цифровую культуру, ИТ-возможности, клиентоориентированность, инновации, процессы и структурные изменения. Показаны особенности каждой модели, сфера ее применения и вклад в развитие предприятия.В статье используются методические пособия по оценке цифровой зрелости для выработки предложений, направленных на оптимизацию процессов, снижение затрат и повышение уровня удовлетворенности клиентов за счет внедрения новых цифровых технологий на предприятиях. Результаты исследования помогут организациям в процессе цифровой трансформации определить свои сильные и слабые стороны и составить дорожную карту развития.

Ключевые слова: цифровая зрелость, оцифровка, модели зрелости, цифровая трансформация, бизнес-процессы, цифровые технологии.

*N. B. Kaisanova[1], Zh. T. Konurbayeva[2]
[1]Kazakh-American Free University,
Republic of Kazakhstan Ust-Kamenogorsk,
[2]D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University,
Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk
Received 26.12.24
Received in revised form 23.01.25
Accepted for publication 11.02.25

METHODS FOR ASSESSING THE MATURITY OF COMPANIES IN THE DIGITAL ECONOMY

The article discusses the concept of digital maturity and the methodological foundations of its assessment. Digital maturity is an important indicator that characterizes the level of a company's ability to optimize business processes, apply innovative solutions, and adapt to market conditions through the introduction and use of modern technologies. The article systematizes the main approaches and indicators used to describe various levels of digital maturity. For example, the ODMM (Open Digital Maturity Model), Digital Maturity Index (DMI), Digital Maturity Model (DMM), and Digitalization Piano models developed by the International Institute for Management Development (IMD) and Cisco are analyzed. These models are based on the main categories and criteria used to assess an organization's digital maturity. Assessment areas include strategy and leadership, digital culture, IT capabilities, customer focus, innovation, processes, and structural change. The features of each model, the scope of its application and its contribution to the development of the enterprise are shown.The article uses methodological manuals on digital maturity assessment to develop proposals aimed at optimizing processes, reducing costs and increasing customer satisfaction through the introduction of new digital technologies in enterprises. The results of the study will help organizations in the process of digital transformation identify their strengths and weaknesses and draw up a roadmap for development.

Keywords: digital maturity, digitization, maturity models, digital transformation, business processes, digital technologies.

ҒТАМР 06.52.17

https://doi.org/10.48081/NPND9907

Т. И. Какижанова[1], *Ә. Ғ. Сағынбай[2], А. У. Амирова[3]
[1,2]әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[3]Алматы Менеджмент Университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2475-0573
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6861-4904
[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-3298-6110
*e-mail: sagynbayasel@gmail.com

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА КЕДЕЙЛІКТІ АЗАЙТУҒА КӘСІПКЕРЛІКТІҢ ӘСЕРІ

Қазіргі таңда кедейлік проблемасы еліміздің ең өткір, шешімін әлі таппаған мәселесінің біріне айналуда, соңғы жылдардағы геосаяси көші-қон, табиғи апаттар, табыс теңсіздігінің алшақтығы салдарынан сұрақ одан сайын ушығуда. Зерттеудің мақсаты – Қазақстан Республикасындағы кедейлікті төмендетуге кәсіпкерлік белсенділік пен кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыруларының әсерін талдау. Кедейлікті азайтудағы кәсіпкерліктің рөлін зерттеу бүкіл әлемдегі ғалымдар мен саясаткерлердің қызығушылығының негізгі көзі болды. Өйткені кәсіпкерлік елде жаңа жұмыс орындарын ашу, халықтың табысын көбейту, өндіріс тиімділігін арттыру жаңа инновацияларды енгізу және елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдетуге көмектеседі. Соның нәтижесінде елдегі кедейлер санының азаюына септігін тигізеді. Бұл зерттеуде кедейшілік көрсеткіші (Адам даму индексі) мен кәсіпкерлікті дамытуды ынталандырулар арасындағы байланысқа кеңінен талдау жасалды. Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы кәсіпкерліктің кедейлікті азайтуға оң және айтарлықтай әсер ететінін дәлелдеді. Сонымен қатар, кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру түрлері кедейлікті азайту бойынша кәсіпкерлік қызметтің тиімділігі мен мүмкіндіктерін арттырады. Бұл зерттеу тақырып бойынша әдебиеттердегі олқылықтың орнын толтыруға көмектесіп қана қоймай, сонымен

қатар Қазақстан Республикасы үшін экономикалық және әлеуметтік дамудың үлгісі болып табылады. Бұл зерттеу кәсіпкерлік қызмет кедейлікті жоюға және адамның дамуы мен адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға әсер етеді деген пікірді қолдайды.

Кілтті сөздер: кәсіпкерлік, кедейлік, адам даму индексі, сыбайлас жемқорлық, урбанизация, сауда.

Кіріспе

Кедейлік бүгінгі таңда көптеген халықаралық ұйымдардың назарын аударатын ең басты мәселеге айналған. Дүниежүзілік банк деректеріне сәйкес, кедейшілік деңгейі 1985 жылдан 2020 жылға дейін айтарлықтай төмендеді. Дегенмен әлем бойынша COVID-19 пандемия, геосаяси ахуалдар, елдердегі қақтығыстар және және басқа себептерге байланысты кедейлік мәселесі одан сайын айтарлықтай ушығуда. Көптеген жылдар бойы үкімет, халықаралық қаржы институттары және үкіметтік емес ұйымдар әртүрлі елдердегі кедейлер санын азайту және халықтың өмір сүру деңгейін жақсарту мақсатында ауқымды жұмыс жасауда. Алайда, дамыған, дамушы және артта қалған елдердегі халық санының арақатынасы әлі де төмен деңгейде қалып отыр. Жаһандық көп өлшемді кедейлік индексі (GMPI) 2023 жылы 107 дамушы және артта қалған елдерде 1,3 миллиард адам көп өлшемді кедейлікте өмір сүретінін көрсетті [1].

Кедейшілікпен күресу – қазақ қоғамының ең үлкен және маңызды міндеттерінің бірі. Геосаясаттың және көші-қон қысымының экономикаға әсері Қазақстан Республикасындағы кедейшілік тәуекелін айтарлықтай арттыруы мүмкін. Ресми деректерге сәйкес, Қазақстан Республикасындағы орта таптың үлесі 3 пайыздан аспайды, бұл халықтың басым бөлігінің кедейлік шегінен төмен немесе жақын өмір сүретінін білдіреді. 2023 жылы еліміздің кедейлік деңгейі 5,2 % немесе 1 миллион 619 мың адамды құрады. Сондай-ақ кедейшіліктің тереңдігі мен ауырлық индексі сәйкесінше 0,8 % және 0,2 % жетті. Алайда, Дүниежүзілік банктің ресми мәліметтері бойынша елдегі кедейлік деңгейі басқа жоғары мәнге ие– 15,5 %. Бұл кедейлік мәселесі қазіргі қоғамның ең күрделі мәселесіне айналғанын білдіреді [1;2].

Кедейлік ұғымына ғалымдар осы уақытқа дейін өте көптеген зерттеулер жүргізген. Кедейлік мәселесі материалдық жетіспеушілік (тамақ пен баспана сияқты) пен негізгі қызметтерге (денсаулық сақтау және білім беру сияқты) шектеулі қолжетімділікті қамтиды. Ал қазіргі таңда заңсыздық, сенімсіздік және кемсітушілік сияқты абстрактілі жағдайларды да қоса қамтиды. Moradi және басқаларының (2020) пікірінше, осы екі жағдайдың қосындысы кедейліктің жан-жақты көрінісін жасайды. Sutter және басқаларының

(2018) ойынша, «кедейшілік – ақшаның, тауарлардың және қызметтердің жетіспеушілігі» деп есептейді. Ал Morris және басқалары (2023) кедейлікті тұрғын үй, санитария, тамақ, білім беру, медициналық мекемелер, қауіпсіз ауыз су және т.б жетіспеуі, яғни адамның негізгі қажеттіліктерінің қанағаттанбауы ретінде анықтады [3;4;5].

Адам дамуының индексі (HDI) кедейлікті өлшейтін негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде, білім, денсаулық және өмір сүру деңгейін (жан басына шаққандағы ЖІӨ) қамтиды, және кедейлікті бағалаудың ең тиімді өлшемі болып табылады. HDI нөл мен ең жоғары сан - бірге дейінгі дейін мәндерді қабылдайды. Адам дамуы елдің экономикасын жетілдіріп қана қоймай, халыққа білім алу, жаңа дағдыларды меңгеру, өмір салтын жақсарту және салауатты өмір сүруге қажетті ресурстарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан эконометрикалық зерттеуде тәуелді айнымалы ретінде кедейліктің бағалау үшін Адам дамуының индексі (HDI) таңдалады [6].

Қазіргі таңда әлемде кәсіпкерліктің жалпы қабылданған анықтамасы жоқ. Shepherd және басқа зерттеушілер (2020) кәсіпкерлікті уақыт пен күш-қуатты инвестициялап, барлық қаржылық, психологиялық және әлеуметтік тәуекелдерге бел буатын және оның орнына байлық алатындай жаңа құндылық жасау үрдісі ретінде анықтайды. Santos және басқалар (2022) өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар тәуелсіз шешім қабылдаушы ретінде компанияны басқарады және компанияның қаржысына жеке жауап береді деп бағалаған. Сондықтан банкроттық жағдайда кәсіпкерлер барлық шығын тәуекелін көтеруі керек деп есептейді [7;8].

Ғалымдар кәсіпкерліктің кедейлікті жоюға әсерін зерттеу үшін көптеген зерттеулер жүргізді. Мысалы, Whitacre және басқалар (2019) дамушы елдердегі кедей адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін өзін-өзі жұмыспен қамту және шағын бизнеспен айналысу қалыпты жағдай екенін айтты. Ал Si және басқалардың (2019) ойынша, кәсіпкерлік дамушы елдерде экономикалық өсуге және кедейлікті азайтуға оң әсер етеді деп санайды, өйткені адамдар қолайлы жұмыс таппаған кезде, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға ынталандырылады. Демек, кәсіпкерлік кез келген елдің экономикасын дамытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі екені айдан анық [9;10].

Бұл тұрғыда кәсіпкерлік кедейшілікті жою құралы ретінде қарастырылады. Себебі, кәсіпкерлік елдегі кедейлердің санын азайтуға сеп болатындай, тұрғындар үшін жаңа жұмыс орындарын ашу, халықтың табысы мен өндірістік әлеуетін арттыру, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету және жаңа инновацияларды енгізуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасындағы кедейлік деңгейін төмендетуге кәсіпкерлік белсенділік пен кәсіпкерлікті дамыту

ынталандыруларының әсерін талдау. Демек, кәсіпкерліктің кедейлік пен табыс теңсіздігіне әсерін анықтау үшін қолданылған эконометрикалық зерттеу келесі гипотезаларды тексереді.

H0: Кәсіпкерлік пен кедейлік арасында маңызды корреляциялық байланыс бар.

H1: Кәсіпкерлік пен кедейлік арасында маңызды корреляциялық байланыс жоқ.

Материалдар мен әдістері

Жоғарыдағы әдебиеттерге шолу негізінде кедейлікті өлшеу үшін тәуелді айнымалы ретінде Адам дамуының индексі (Human Development index - HDI) таңдалды.

Сонымен қатар, адами даму индексінің түсіндіруші айнымалылары ретінде кәсіпкерлік белсенділік пен кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру көрсеткіштері қолданылады. Сонымен қатар, сауда және урбанизацияны бақылау айнымалылары таңдалды. Бұл көрсеткіштерді сипаттамалары келесідедей:

Кәсіпкерлік белсенділік - жаңа бизнестің тығыздығы (Бір жылдағы еңбекке қабілетті 1000 адамға (15-64 жас) шаққанда жаңадан тіркелген кәсіпкерлер саны);

Кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру - бизнесті бастау үшін қажетті күндер саны (DRSB), сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (CC);

Бақылау айнымалылары - Урбанизация (жалпы халық %), Сауда (ЖІӨ %).

Бақылау айнымалылары (сауда және урбанизация) модельде сәйкес сауда әрекеттерінің мәнділігін растай отырып отырып, регрессияда қарастырылмаған айнымалы ауытқуларын азайту үшін қолданылады.

Регрессиялық талдау үшін мультиколлинеарлық орын алмайтындай сызықтық, логарифмдік және жартылай логарифмдік модельдер қарастырылды. Сол регрессиялық теңдеулер арасынан коэффициенттері мәнді, жалпы сапасы адекватты болатын келесі модельдер (1-2) таңдалынып алынды.

Бірінші модель келесі теңдеу арқылы анықталған:

$$HDIi = a + b*HBDi + c* DRSBi + ui\,, \qquad (1)$$

мұндағы – NBD – жаңа бизнестің тығыздығы, DRSB – бизнесті бастау үшін қажетті күндер саны.

Жартылай лагарифмдік модель 2 теңдеу түрінде бағаланды :

$$LOG(HDIi) = a + b*HBDi + c* DRSBi + d* CC\,i + f* Tradei + ui\,, \qquad (2)$$

мұндағы LOG – натурал логарифм, NBD – өсу деңгейі, DRSB – өсу деңгейі, CC –сыбайлас жемқорлықты бақылау индексі, Trade- Жалпы сауда.

1-кестеде зерттеу айнымалылары, олардың анықтамалары мен дерек көздерінің тізімі келтірілген.

1 – Кесте Модель айнымалылары мен дереккөздері

Айнымалылар	Анықтама	Дереккөздер
HDI (Адам дамуының индексі)	АДИ – адам дамуының үш негізгі аспектілері бойынша елдің орташа жетістіктерінің жиынтық көрсеткіші: денсаулық, білім және өмір сүру деңгейі.	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының есебі
NBD (Жаңа бизнестің тығыздығы)	Бір жылдағы еңбекке қабілетті 1000 адамға (15-64 жас) шаққанда жаңадан тіркелген кәсіпкерлер саны.	Дүниежүзілік Банктің Мәліметтер Базасы
Бизнесті бастау үшін қажетті күндер саны (DRSB)	Бизнесті бастау үшін қажетті күндер саны	Doing Business есебі
Сыбайлас жемқорлықты бақылау индексі (CC)	Мемлекеттік биліктің жеке пайда үшін қаншалықты жүзеге асырылатынын қабылдау индексі. (-2.5 нан 2.5 дейін)	Дүниежүзілік басқару көрсеткіштері
Сауда *(Trade)*	Жалпы сауда (ЖІӨ %)	Әлемдік даму көрсеткіштері
Урбанизация (UP)	(% of total population)	Әлемдік даму көрсеткіштері
Ескерту: [1;2] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған		

Эконометрикалық зерттеу елдің кедейлік жағдайын өлшеу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының 2000-2023 жылдарға арналған адам дамуы туралы жылдық есебіндегі Адам дамуы индексінің тәуелді айнымалысы туралы деректер негізінде жинады.

Кәсіпкерлік белсенділікті, кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыруды және 2000-2023 жылдар аралығындағы бақылау айнымалыларын қоса алғанда, тәуелсіз айнымалылар бойынша жылдық деректер Doing Business, Дүниежүзілік банк деректері, әлемдік даму көрсеткіштері сияқты басқа дерек көздерінен алында.

Нәтижелер және талқылау

Адам дамуының индексі (АДИ) кедейлікті өлшейтін көрсеткіш болып табылады. Адам дамуының индексі білім, денсаулық және өмір сүру деңгейін (жан басына шаққандағы ЖІӨ) қамтиды. Төмендегі суретте 2000-2023 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы үшін АДИ көрсеткішінің динамикасы көрсетілген:



1 – Сурет Қазақстан Республикасының 2000-2023 жж. Адам даму индексі (HDI)

Ескерту: [6] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыдағы 1-суреттен көріп отырғанымыздай, график айнымалылардағы өзгерістер әрі қарай зерттеу үшін қолайлы екенін көрсететін айқын, дәйекті және тұрақты уақыт үлгілерін қамтиды. Адам даму индексі 2019 жылға дейін қарқынды түрде өсіп, одан кейін кедейлік деңгейінің бірқалыпты төмендегенін байқай аламыз. Демек, 2019 жылдан бастап қазіргі таңға дейін адам даму индексі HDI күрт төмендеген. Бұндай

төмендеуді 2019 жылы басталған жаһандық COVID-19 пандемиясы дүние жүзіндегі елдердің, соның ішінде Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік өміріне кері әсерін тигізіп, соның салдарынан елдегі кедейлер санының күрт артуымен түсіндіруге болады.

Регрессиялық талдау үшін мультиколлинеарлық орын алмайтындай сызықтық, логарифмдік және жартылай логарифмдік модельдер қарастырылды. Сол модельдердің арасынан коэффициенттері мәнді, жалпы сапасы адекватты болатын келесі модельдер (1-2) таңдалынып алынды.

1 және 2 теңдеулер бойынша бағаланған сызықтық және көрсеткіштік модельдер келесі 2-кестеде келтірілген:

2 – Кесте Results of LS estimation HDI (2000-2023)

Тәуелсіз айнымалылар	**1 модель-results of LS estimation HDI**			2 модель – results of **LS estimation LOG(HDI)**		
	Coefficient	Std. Error	t-Statistic	Coefficient	Std. Error	t-Statistic
NBD	0.0051*	0.0018	2.8348	0.0078	0.002	3.829
DRSB	0.8485***	0.0063	135.58	-0.0016	0.0004	-3.7385
CC				0.00058	0.0002	3.43962
UP				-0.0029	0.0001	-21.302
Trade				-0.0007	0.0003	-2.8282
R-Squared	0.973949			0.990356		

Ескерту: 1) тұрақты коэффициенттер ұсынылмайды;
2) коэффициенттер ***1%, **5%, *10% маңыздылық деңгейінде статистикалық маңызды болып табылады.
3) авторлар құрастырған

Модель нәтижелерінің түсініктемелерін ашып көрсету үшін, әр айнымалыға жеке-жеке тоқталайық:

Жаңа бизнес тығыздығы (NBD). Кестедегі нәтижелер Қазақстан жағдайында сызықтық та, көрсеткіштік те модель бойынша жаңа бизнес тығыздығы (NBD) адам даму индексіне (HDI) оң әсер ететінін көрсетеді (сәйкесінше, 0.005103 және 0.007780). Бұл фактордың ықпалы тұрақты экономикалық өсу, кәсіпкерлік қызмет түрінің көптігі, тіркелген бизнестің жоғары деңгейі және тиімді мемлекеттік басқару жағдайында орын алады.

Бизнесті бастау үшін қажетті күндер саны (DRSB). Модель қорытындысы бойынша HDI адам даму индексіне кері әсер ететінін байқауға болады және ол сызықтық та, жартылай логарифмдік те модельдер бойынша да расталған (сәйкесінше, -0.848538 және -0.00163). Демек, барлық елдерде жаңа бизнесті бастау үшін қажетті күндер санының артуы бизнестің басталуына қандай

да бір белгілі кедергілер келтіреді және адамдардың өз бизнесін ашуына демотивация бола алады.

Сыбайлас жемқорлықты бақылау (CC) деңгейінің артуы Адам Дамуының Индексін де (0.00059) арттырады және арасында сызықтық емес байланыс барлығын растайды. Егер елде тиімді басқару жүзеге асып, сыбайлас жемқорлық деңгейі төмендесе, онда бірнеше жаңа кәсіпорындар тіркеледі және көптеген адамдар кәсіпкерлікпен айналысу мүмкіндігін пайдаланады. Бұл өз кезегінде халықтың өмір сүру деңгейінің жақсаруына және кедейліктің төмендеуіне әсер етеді.

Урбанизация. Қала халқы мен HDI айнымалысы теріс корреляция бар (-0.00287). Демек, қалалық жерлерде тұратын адамдардың ауылдық жерлердегілерге қарағанда кәсіпкерлік қызметпен айналысуға мүмкіндіктері мен жағдайлары көбірек. Бұл, өз кезегінде, халықтың табысына айтарлықтай әсер етеді және адамдардың өмір сүру жағдайларын жақсартады және кедейлердің азаюына ықпал етеді.

Сауда. Раваллион (2006) өз зерттеулерінде елдегі сауданың ашықтығы елдегі іскерлік ортаны жақсартуға және кедейлікті азайтуға мүмкіндік беретіндігін айтқан. Жартылай логарифмдік модель бойынша Қазақстан республикасында сауданың ЖҰӨ-дегі үлес салмағы HDI-ге теріс әсер (-0.00074) ететінін көрсетеді.

Модель нәтижелеріне сәйкес, кәсіпкерліктің кедейшілікпен күресуге, адамның дамуына және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға айтарлықтай әсері бар. Сондай-ақ, зерттеу қорытындылары H0 гипотезаны растады, кәсіпкерлік пен кедейшілікті жою арасында тығыз корреляциялық байланыс расталды. Тұтастай алғанда, нәтижелер кәсіпкерліктің Қазақстан Республикасындағы кедейшілікті төмендетуге оң және елеулі әсер ететінін дәлелдеді.

Қорытынды

Зерттеу мақсаты кәсіпкерлік белсенділік пен кәсіпкерлікті дамытуды ынталандырулардың Қазақстан Республикасындағы кедейлікті азайтуға әсерін талдауға бағытталған. Зерттеу қорытындысы кәсіпкерліктің кедейшілікпен күресу, адамның дамуы және адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға оң әсер ететінін дәлелдейді. Яғни кәсіпкерлік пен кедейлікті жою арасындағы тығыз байланысты көрсетеді. Демек, бағалау нәтижелері кәсіпкерліктің Қазақстан Республикасындағы кедейшілікті төмендетуге оң және елеулі әсерін растайды.

Сондай ақ, зерттеуде кәсіпкерлік белсенділікпен қоса, кәсіпкерлікті дамытуды ынталандырушы факторлар да қарастырылды. Бағалау нәтижесі бойынша, кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру шаралары, кәсіпкерліктің

тиімділігі мен әлеуетін арттыру арқылы, кедейлікті азайту үшін елеулі ықпал етеді. Мемлекеттік реттеу мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы қадағалауды жетілдіру кәсіпкерлердің бизнес ашуын жеңілдетеді, сонымен қатар кәсіпкерлік белсенділікті жетілдіру және адам дамуын жақсартуға көмектеседі.

Сонымен қатар, сауданың ашықтығы мен урбанизация да кедейлікке айтарлықтай әсер етеді. Регрессия нәтижесі бойынша мемлекеттік реттеу сапасын арттыру және бизнесті тіркеу үрдістерін жеңілдету қажет екенін көрсетеді. Себебі, бұл шаралар сыбайлас жемқорлық ауқымын азайтса, кәсіпкер құжаттамалық міндеттемелерін орындай алады. Бұған қоса, үкімет білімге инвестиция салу және заңнаманың сапасын арттыру арқылы адамдарды кәсіпкер болуға ынталандыра алады және бұл әрекеттер - елдегі төтенше кедейлікті жоюдың дұрыс қадамдары.

Мақалада зерттеу кедейлік индексі (Адам дамуының индексі) мен кәсіпкерлік белсенділік пен кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру арасындағы байланысқа жан-жақты талдау жасалынды. Демек, кәсіпкерліктің кедейшілікпен күресуге, адам дамуы мен олардың өмір сүру сапасын жақсартуға әсері бар деген қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар кәсіпкерлік пен кедейшілікті жою арасындағы тығыз байланысты болуын көрсетеді. Ал кәсіпкерлікті кедейшілікпен күресудің әлеуетті үлгісі ретінде көрсету бұл зерттеудің бірегейлігін сипаттайды.

Осы қорытындыларды ескере отырып, мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қолдау және ынталандыру, осылайша кедейлік пен жұмыссыздықты азайтуға ықпал ететін саяси шаралар ұсынылады. Бұл шараларға бизнесті жаңадан бастағандар үшін салық жеңілдіктері, кәсіпкерлік білімге жәрдемдесу, ісін жаңадан бастағандар үшін қолжетімді несиеге қол жеткізуді жеңілдету. Сондықтан бұл зерттеу осы тақырып бойынша әдебиеттердегі олқылықтың орнын толтырып қана қоймай, сонымен қатар Қазақстан Республикасының экономикалық және әлеуметтік дамуының үлгісі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 World bank (2023). The World Bank in Kazakhstan: Development news, research, data. The world bank, Kazakhstan, 2023 – [Электронный ресурс]. – URL: https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan (Қаралған күні: 11.08.2024), (ағылшын тілінде)

2 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. [Электронный ресурс]. – URL : https://stat.gov.kz (Қаралған күні: 10.08.2024)

3 Moradi, Masoud & Imanipour, Narges & Arasti, Zahra & Mohammadkazemi, Reza. (2020). Poverty and entrepreneurship: a systematic review of poverty-related issues discussed in entrepreneurship literature. World Review of Entrepreneurship, Management and Sustainable Development. 16. 125. https://doi.org/10.1504/WREMSD.2020.105984

4 Sutter, Christopher & Bruton, Garry & Chen, Juanyi. (2018). Entrepreneurship as a solution to extreme poverty: A review and future research directions. Journal of Business Venturing. 34. https://doi.org/10.1016/j.jbusvent.2018.06.003

5 **Morris, M. H., Soleimanof, S., & Tucker, R.** (2023). Drivers of fragility in the ventures of poverty entrepreneurs. Small business economics, 61(1), 305–323. https://doi.org/10.1007/s11187-022-00687-6

6 UNDP, Human Development Report (2024) – with minor processing by Our World in Data. «Human Development Index» [dataset], 2024 – [Электронный ресурс]. – URL: https://ourworldindata.org/grapher/human-development-index (қаралған күні: 17.09.2024), (ағылшын тілінде)

7 **Shepherd, D.A., Parida, V., & Wincent, J.,** (2020). Entrepreneurship and poverty alleviation: the importance of health and children's education for slum entrepreneurs. Entrepreneurship theory and practice. https://doi.org/10.1177/1042258719900774

8 **Santos, S. C., Costa, S., & Morris, M. H.** (2022). Entrepreneurship as a pathway into and out of poverty: A configuration perspective a configuration perspective. Entrepreneurship & Regional Development, 34(1–2), 82–109. https://doi.org/10.1080/08985626.2022.2030413

9 Whitacre, Brian & Meadowcroft, Devon & Gallardo, Roberto. (2019). Firm and regional economic outcomes associated with a new, broad measure of business innovation. Entrepreneurship & Regional Development. 31. 1–23. https://doi.org/10.1080/08985626.2019.1630486

10 **Si, Steven & Ahlstrom, David & Wei, Jiang & Cullen, John.** (2019). Business, Entrepreneurship and Innovation Toward Poverty Reduction. Entrepreneurship & Regional Development. 32. 1–20. https://doi.org/10.1080/08985626.2019.1640485

10.11.24 ж. баспаға түсті.
22.01.25 ж. түзетулерімен түсті.
11.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

Т. И. Какижанова[1], А. Г. Сагынбай[2], А. У. Амирова[3]*
[1,2]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы
3Алматы Менеджмент Университет, Республика Казахстан, г. Алматы
Поступило в редакцию 10.11.24
Поступило с исправлениями 22.01.25
Принято в печать 11.02.24

ВЛИЯНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА НА СОКРАЩЕНИЕ БЕДНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

В настоящее время проблема бедности становится одной из самых острых, еще не решенных проблем страны, еще больше обостряется вопрос из-за геополитической миграции последних лет, стихийных бедствий, разрыва в неравенстве доходов. Цель исследования-анализ влияния предпринимательской активности и стимулов развития предпринимательства на снижение бедности в Республике Казахстан. Изучение роли предпринимательства в сокращении бедности было основным источником интереса ученых и политиков во всем мире. Ведь предпринимательство способствует созданию новых рабочих мест в стране, повышению доходов населения, внедрению новых инноваций в повышение эффективности производства и улучшению социально-экономического развития страны. В результате это способствует сокращению числа бедных в стране. В этом исследовании был проведен обширный анализ взаимосвязи между показателем бедности (индексом человеческого развития) и стимулами развития предпринимательства. Результаты исследования доказали, что предпринимательство в Казахстане оказывает положительное и существенное влияние на сокращение бедности. Кроме того, виды стимулирования развития предпринимательства повышают эффективность и возможности предпринимательской деятельности по сокращению бедности. Данное исследование не только помогает восполнить пробел в литературе по теме, но и является примером экономического и социального развития Республики Казахстан. Это исследование подтверждает идею о том, что предпринимательская деятельность влияет на искоренение бедности и улучшение человеческого развития и качества жизни людей.

Ключевые слова: предпринимательство, бедность, индекс человеческого развития, коррупция, урбанизация, торговля.

*T. I. Kakizhanova[1],*A. G. Sagynbay[2], A. U. Amirova[3]*
[1,2]Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty
[3]Almaty Management University, Republic of Kazakhstan, Almaty
Received 10.11.24
Received in revised form 22.01.25
Accepted for publication 11.02.25

THE IMPACT OF ENTREPRENEURSHIP ON POVERTY REDUCTION IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Currently, the problem of poverty is becoming one of the most acute, unresolved problems of the country, the issue is becoming even more acute due to the geopolitical migration of recent years, natural disasters, and the gap in income inequality. The purpose of the study is to analyze the impact of entrepreneurial activity and incentives for entrepreneurship development on poverty reduction in the Republic of Kazakhstan. The study of the role of entrepreneurship in poverty reduction has been a major source of interest for academics and policy makers around the world. After all, entrepreneurship contributes to the creation of new jobs in the country, increasing incomes of the population, introducing new innovations to increase production efficiency and improve the socio-economic development of the country. As a result, this contributes to reducing the number of poor in the country. This study conducted an extensive analysis of the relationship between the poverty index (human development index) and business incentives. The results of the study proved that entrepreneurship in Kazakhstan has a positive and significant impact on poverty reduction. In addition, the types of incentives for business development increase the efficiency and opportunities of entrepreneurial activities to reduce poverty. This study not only helps to fill the gap in the literature on the topic, but also is an example of the economic and social development of the Republic of Kazakhstan. This study supports the idea that entrepreneurial activity has an impact on poverty eradication and improving human development and people's quality of life.

Keywords: entrepreneurship, poverty, human development index, corruption, urbanization, trade.

ҒТАМР 06.54.31

https://doi.org/10.48081/VNMJ2943

Д. Б.Калыбекова[1], Н. М. Шеримова[2]
[1]Қ.Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[2]Торайғыров университеті, Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.
[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1422-9098
[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4482-8531
*e-mail: kaldiba77@mail.ru

ҚР ЭКОНОМИКАСЫН ТҰРАҚТЫ ДАМУЫТУДАҒЫ ЦИФРЛАНДЫРУДЫҢ РӨЛІ

Мақалада, цифрлық технологияларды енгізудің артықшылықтары және олардың мемлекеттің экономикалық өсуіне әсері қарастырылды. Бүгінгі таңда цифрландыру жаһандық күн тәртібіне кіретін әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылуда. Экономиканы цифрландыру үрдістерін зерттеу 2020 жылы басталған, цифрлық технологиялардың маңыздылығын көрсеткен және әртүрлі елдердегі бірқатар әлеуметтік-экономикалық мәселелерді ашқан COVID-19 пандемиясына байланысты ерекше назар аударды. Цифрландыру экономиканың тұрақты дамуына қол жеткізу факторы ретінде бағаланады.

Мақаланың мақсаты – қоғамдық өмірдің барлық салаларын, әсіресе экономиканың маңызды салаларында цифрландыруды енгізу мәселелерін қарастыру. Цифрлық технологияларды енгізу міндеті кез келген елдің, атап айтқанда Қазақстан Республикасының экономикалық даму қарқынын жеделдету және соның салдарынан ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану есебінен халықтың әл-ауқатын жақсарту, сондай-ақ ел экономикасының дамудың мүлдем жаңа сатысына көшуін барынша аз шығындармен қамтамасыз ету болып табылады.

Мақсатқа жету үшін зерттеудің әртүрлі әдістері пайдаланылды, зерттелетін мәселе бойынша теориялық және практикалық деректерді жіктеу және жүйелеу; нормативтік-құқықтық базаны

талдау, Қазақстанда ақпараттық ресурстарды пайдаланудың ағымдағы жай-күйі туралы статистикалық деректерді талдау және негізгі проблемалар мен сын-қатерлерді анықтау; СВОТ-талдау жасалды.

Мақаланың қорытындылары экономикалық өсуді ынталандыру үшін АКТ саласының кейбір мәселелері және цифрландыруды қарқындату бойынша ұсыныстардың маңыздылығы анықталды.

Кілтті сөздер: экономикалық өсу, цифрлық технологиялар, киберқауіпсіздік, ғаламтор, цифрлық экономика.

Кіріспе

Қазіргі уақыттағы әлемдегі басты үрдістердің бірі – елдердің цифрлық жұмыс форматына жаһандық көшуі. Өмір сүру жағдайын жақсарту және оңтайландыру үшін, экономикалық тұрақты дамуға қол жеткізу үшін цифрлық технологиялардың таралуы цифрлық трансформацияны жүргізу қажеттілігін талап етеді.

Қазақстан қауіпсіз, біркелкі және прогрессивті ортақ болашақ үшін, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу үшін бірқатар шаралар мен бастамалар қабылдады. Ел қоғамның әл-ауқатын, халықтың жұмыспен қамтылуын, білім берудің бәсекеге қабілеттілігін және денсаулық сақтаудың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында жаңа технологияларды сенімді түрде енгізуде.

Цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және киберқауіпсіздік саласын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы мемлекетіміздің цифрландыру бағытын жетілдіруге бағыттайтын басты құжат деп білеміз.

Соңғы 10 жылда IT-нарықтың айтарлықтай өсуі байқалды, оның үлесі ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) – секторының жалпы көлемінде 28 %-дан 46 %-ға дейін ұлғайды. Бұған цифрландыру жөніндегі белсенді саясат және корона дағарыс кезеңінде цифрландырудың жеделдетілген үрдісі ықпал етті[1].

Инклюзивті өсу, тұрақты даму, тиімділікті арттыру, жедел қызмет көрсету сияқты цифрлық әзірлемелердің тиімді тұстарына кейбір мемлекеттер енді көше бастаса, алдыңғы қатарлы экономикалық дамыған елдер тобы қазірдің өзінде цифрлық жағдайда басқарудың жаңа тәсілдерін қалыптастырудың жаңа форматына назар аударуда.

Цифрлық стратегияларды әзірлеу және оңтайландыру арқылы әр елдің үкіметі цифрлық экономиканы дамытуда инвестицияларды және экономикалық мақсаттарды көздей отырып әлемдік рейтингтерінде лайықты

орын алуға тырысады. Трансформациялау мүмкіндігі шектеулі елдер екені анық деректер сандық форматта және оларды экономикалық және әлеуметтік даму үшін пайдалану болып табылады қолайсыз жағдайда және ақшалай инвестициялар түрінде қосымша мүмкіндіктерді жіберіп алыңыз шетелдік әріптестердің тараптары

Деректерді цифрлық форматқа түрлендіру және оларды экономикалық және әлеуметтік даму үшін пайдалану мүмкіндігі шектеулі елдер қолайсыз жағдайға тап болып, шетелдік серіктестердің ақшалай салымдары түріндегі қосымша мүмкіндіктерді жіберіп алатыны анық [2,155-б].

Цифрлық экономика мәселелері мемлекет үшін, экономикалық тұрақты даму үшін маңызды үрдіс екені заманауи зерттеушілер қатарын арттырып келеді. Зерттеудің теориялық негізін ресейлік ғалымдар Карпович О. Г., Карипов Б. Н., Ногмова А. Ш.[3], Л. И Сергеев., А. Л. Юданова[4] сияқты және шетелдік зерттеушілер Э. Бриньолфссон, Б. Кахин, Д. Тапскотт [5] еңбектері құрайды.

Цифрлық экономика – бұл экономикалық процестердің бір, немесе бірнеше барлық кезеңдері ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) арқылы жүзеге асырылатын тақырыптың экономикалық жүйесі субъектілері нарығының бір түрі; экономикалық еркіндіктің көріністерінің бірі, инновация және қазіргі экономиканың даму деңгейі[3,487-б].

Цифрлық экономика – бұл өндірістің негізгі факторы цифрлық форматтағы деректер болып табылатын экономикалық қызмет, оның үлкен көлемін өңдеу және талдау нәтижелерін пайдалану дәстүрлі басқару түрлерімен салыстырғанда өндірістің, технологияның, жабдықтың, сақтаудың, сауданың, тауарлар мен қызметтерді жеткізудің алуан түрлерінің тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді[4,9-б].

Канадалық зерттеуші Дон Тапскотт өзінің зерттеу жұмысында : «Цифрлық экономика - бұл байлық пен әлеуметтік дамуда серпіліс жасау үшін құрылған адамдар мен желілік технологиялардың жиынтығы» [5] – деп атаған.

Цифрлық экономиканың ерекшелігі – қайта құру технологиялық инновациялар, әлеуметтік-экономикалық жүйелерді цифрландыру, цифрлық қоғамды, цифрлық кеңістікті қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекет үшін маңызды мәселе – цифрлық экономиканың негізгі бағыты экономиканың тұрақты дамуының кепілі ретінде орын алуы.

Материалдар мен әдістері

Зерттеуде Қазақстан Республикасының цифрлық жағдайы мен әлеуеті, цифрлық экономика жетістіктері мен тиімділігі, экономика секторларындағы цифрлық трансформация өзгерістері талданады.

Цифрлық экономика үшінші өнеркәсіптік революциядан Төртінші өнеркәсіптік революцияға көшуді көрсетеді. Үшінші өнеркәсіптік революция, кейде цифрлық революция деп аталады, XX ғасырдың аяғында аналогтық электронды және механикалық құрылғылардан цифрлық технологияларға көшумен болған өзгерістерді білдіреді.

Дүниежүзілік банк ұйымы анықтамасы бойынша, цифрлық экономика-цифрлық ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген экономикалық, әлеуметтік және мәдени қатынастар жүйесі[6].

Цифрландыруды зерттеудің бір аспектісі оның әлемдік экономиканың тұрақты дамуына әсерін талдау болып табылады. «Тұрақты даму» термині қазіргі және болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін есепке алу негізінде дамуды білдіреді[7,39-б]. Бұл термин 1987 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) Қоршаған орта және даму жөніндегі дүниежүзілік комиссиясының баяндамасы жарияланғаннан кейін кеңінен қолданыла бастады.

Цифрландыру Қазақстан үшін негізгі стратегиялық басымдық болып қала береді, өйткені ол экономикалық өсуге және бәсекеге қабілеттілікті арттыруға ықпал етеді[8,362-б].

Бұл зерттеудің мақсаты Қазақстандағы цифрлық экономиканың енгізілу ерекшеліктері мен қолданыс аясын талдау, цифрлық экономиканың тұрақты дамуыды қамтамасыз етуші фактор ретінде маңыздылығын айқындау және цифрлық экономика әлеуетін жетілдіру бойынша біршама ұсынымдар ұсыну болып табылады.

Зерттеудің әдебиеттік шолу аясында бірқатар ғалымдар мен зерттеушілер еңбектері талданды, шетелдік және отандық авторлар қатары жылдан жылға артып келе жатқанын байқауға болады.

Цифрлық экономика проблемаларын зерделеуге белгілі бір теориялық және әдіснамалық үлес «Жоғарғы Экономика Мектебі» Ұлттық Зерттеу Университеті (ЖЭМ (ҰЗУ) жүргізген зерттеумен енгізілді, онда өмір сүру жағдайларының өзгеруі, ғылым мен мемлекеттік басқару саласын цифрландыру, еңбек нарығының ерекшелігінің өзгеруі, жаңа құзыреттерге сұраныстың өзгеруі сияқты цифрландырудың маңызды трендтері талданады, сондай-ақ цифрлық экономиканы статистикалық өлшеудің өзіндік әдістемелік тәсілдері ұсынылған [9].

Санкт-Петербургтің әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясында, оның авторларының бірі Ресей Ғылым Академиясының (РҒА) шетелдік мүшесі В. Л. Квинт [10, б- 95], «Цифрлық экономиканы дамыту әлеуметтік-экономикалық қызметтің барлық салаларында бәсекеге қабілеттілікті арттыру және экономикалық өсуді қамтамасыз етудегі өндірістің негізгі факторы» деп атап көрсеткен.

Лондондық экономика мектебінің профессоры, экономист Карлота Перес өзінің Technological Revolutions and Financial Capital («Технологиялық революциялар және қаржылық капитал») кітабында технологияны енгізудің екі кезеңін анықтайды. Біріншісі – орнату кезеңі (installation phase): бұл кезеңде шығармашылық жойылу орын алуы мүмкін, жаңа нарықтар пайда болады – жаңа технологиялар тек сыналады және өсім аз ғана секторларда байқалады. Екіншісі – орналастыру кезеңі (deployment phase) : компаниялардың технологияларды қабылдау қабілеті артады, жаңа тауарлар мен қызметтер белсенді түрде құрылады, оларға сұраныс артып және технологиялық трансформацияның пайдасы бүкіл экономикада сезіле бастайды – деп атап көрсеткен [11].

Талдау көрсеткендей, цифрлық технологияны ең қарқынды қолданатын салалар қазірдің өзінде басқа секторлармен салыстырғанда өнімділіктің өсуіне көбірек үлес қосуда, демек экономиканы тұрақты дамытуға серпіліс беретін мүмкіндік бар деген болжам орынды.

Нәтижелер және талқылау

Инновациялық технологиялар мен бұлтты есептеулер Қазақстан экономикасының барлық салаларына біртіндеп еніп келеді. Елдегі IT қызметтері мен өнімдер нарығы экспоненциалды түрде өсуде. Қазақстан, электрондық үкімет пен финтехті дамыту индексі бойынша әлемдік көшбасшылар қатарында.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған тұрақты экономикалық өсу» Ұлттық жобасында: 10-шы міндет – Инфрақұрылымды дамыту және экономиканың базалық салалары цифрландыру; 11 – ші міндет – Технологиялық даму есебінен экономиканы әртараптандыру көзделген болатын.

«Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік Бағдарламасын іске асыру кезеңінде 2018–2021 жылдар аралығы бойынша 207 548 млн. теңге мөлшерінде іс-шаралар орындалған, оның ішінде республикалық бюджет – 82 400 млн. теңге, жергілікті бюджет – 29 890 млн. теңге, жеке инвестициялар-90 695 млн. теңге, жергілікті қаржы көздері-4 563 млн. теңге игерілген.

Мемлекеттік қызметтердің жалпы көлемінен электрондық түрде алынған мемлекеттік қызметтердің үлесі–90,07 %, жоспар кезінде – 60 %, ғаламтор желісін пайдаланушылардың үлесі – 92,9 %, ал жоспар кезінде – 82 %, бөлшек сауданың жалпы көлеміндегі электрондық сауданың үлесі – 9,6 %, жоспар кезінде – 2,3 %, халықтың цифрлық сауаттылық деңгейі – 87,3 %, жоспар бойынша – 81,5 %, стартаптарға тартылған инвестициялар көлемі – 67,69 млрд. теңге, жоспар бойынша – 35,9 млрд. теңге құраған. Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың жалпы экономикалық әсері 1 629 196 млн. теңгені құраған

(2018 ж. – 218 200 млн. теңге; 2019 ж. – 584 300 млн. теңге; 2020 ж. – 448 160 млн. теңге; 2021 ж. – 378 536 млн. теңге.).

2021 жылы қабылданып, 2023 жылы күшін жойған «Цифрландыру, ғылым және инновация есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын іске асыру кезеңінде 2021-2023 жылдар аралығында ұлттық жоба бойынша 556 558,72 млн.теңге игерілді, оның ішінде республикалық бюджет - 466 796,43 млн. теңгені, жергілікті бюджет – 35 316,29 млн. теңгені, бюджеттен тыс қаражат – 54 446 млн. теңгені игерген[12].

Егер 90-шы жылдар ғаламтордың ену кезеңі болса, 2000-шы жылдар әлеуметтік желілердің қалыптасу кезеңі болып саналады, 2010-шы жылдар цифрлық технологиялардың даму алғышарттары деп санауға болады.

Қазақстан Республикасында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту жөніндегі 2010–2014 жылдарға арналған бағдарламасы цифрландыруға бет бұрудың алғашқы қадамдарының бірі әрі негізі деуге болады.

Цифрлық экономиканы қалыптастырудың негізгі қозғаушы күші, ұлттық экономиканы трансформациялаудың шарты- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) саласының даму деңгейінің электрондық форматы болып табылады. Бұл цифрлық экономика мен жалпы ұлттық экономиканың даму тиімділігінің деңгейіне тікелей әсер ететін АКТ саласының жұмыс істеу көрсеткіштері, әсіресе АКТ саласына жұмсалатын шығындармен және оның жалпы ЖІӨ-гі үлесімен қарастырылады.



Сурет 1 – ҚР АКТ саласына жұмсалатын шығындармен және оның жалпы ЖІӨ-гі үлесі 2010–2023жж

Ескерту: автормен ҰСБ ҚР СЖжРА мәліметтері негізінде құрастырлған[13].

1-суретте ақпараттық - коммуникациялық технологияларға айтарлықтай төмен шығындар 2013, 2016 және 2018 жылдары байқалатыны көрсетілген. 2013 жылы елде елеулі экономикалық ауытқулар байқалмады, алайда төмен көрсеткіштер ақпараттық жүйелерді құру бойынша шаралардың уақтылы орындалмауымен байланысты. 2016 және 2018 жылдардағы шығындардың төмендеу себептерінің бірі теңгенің валюта бағамының әлсіреуімен байланысты. Бұл кейіннен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрініс тапқан экономикалық дағдарыстың нәтижесінде орын алды.

2017 жылдан бастап «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарлама қабылданған кезеңнен бастап АКТ шығындары тұрақты өсу динамикасын беріп отыр, әсіресе 2023 жылғы көрсеткіш 918,3 млрд тг көлемінде.

Бүгінгі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) – Қазақстан Республикасы экономикасының қарқынды дамып келе жатқан салаларының бірі. Дүниежүзілік Банктің деректері бойынша Қазақстанның ЖІӨ-нің орташа жылдық өсу қарқыны соңғы жылдары жылына орта есеппен 3,7 % – құрады.

Бұл, ең алдымен, қашықтағы жұмыс форматтарына сұраныстың қарқынды өсуімен, COVID19 пандемиясы кезінде кең таралған цифрлық білім беру және ойын-сауық қызметтерінің дамуымен байланысты. Екіншіден, АКТ саласының дамуына ғылыми-техникалық прогреске байланысты технологиялық өзгерістер ықпал етеді. Пайда болған технологиялар бизнестің тиімділігі мен өнімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді, алайда инфрақұрылым мен технологиялық жағдайды дамытуды талап етеді.

Ұлттық АКТ саласының көлемі 2023 жылға қарай шамамен 5,9 миллиард долларға жетті және орташа жылдық қарқынмен 6,48 % өсуді жалғастырады. Қазақстанның АТ-нарығы қарқынды жылдамдыққа ие болды. Оның өсу серпіні 2023 жылдың қорытындысы бойынша 8 % - дан асты, бұл елдің ЖІӨ өсу қарқынынан асып түсті (2023 жылғы желтоқсанда Еуразиялық экономикалық кеңес алаңында президент Қасым-Жомарт Тоқаев Республиканың ЖІӨ өсімі 4,9 % – құрайтынын мәлімдеді). Позитивті тенденция, әрине, көптеген факторлармен байланысты, олардың арасында пандемиядан кейінгі сұраныс айтарлықтай әсер етті.

Елдегі акт шығындарының ең үлкен үлесі ақпараттық технологиялармен байланысты үшінші тарап ұйымдары мен мамандардың (аутсорсинг)

қызметтеріне ақы төлеу болып табылады: 2021 жылы жалпы шығындардың үлесі 43 % құрады.

1 – КестеАқпараттық-коммуникациялық технологиялар жалпы шығындар құрылымы 2019-2023 жылдар кезеңінде, млн теңге

Барлық АКТ шығындары, оның ішінде:	2019	2020	2021	2022	2023
	337 712,7	388 928,5	443 121,3	5 8 9 852,5	918 349,9
Бағдарламалық жасақтаманы сатып алу шығындары	55 661,4	64 737,5	84 714,2	8 5 196,9	131 263,6
Ұйымдар ішінде өз бетінше бағдарламалық қамтамасыз ету даярлау шығындары	13 127,1	17 260,5	31 505,6	4 4 049,8	175 022,3
АКТ дамыту және пайдалануға байланысты қызметкерлерді оқыту шығындар	8 137,7	1 398,0	2 054,6	1 4 363,5	2 162,2
Бөгде ұйымдар мен мамандардың ақпараттық технологиялармен байланысты қызметтерін төлеуге арналған шығындары	121 670,3	165 301,6	188 742,5	2 5 0 848,5	364 991,4
Басқа да шығындар	139 116,2	140 230,9	136 104,4	1 9 5 393,8	244910,4
Ескерту: автормен ҰСБ ҚР СЖжРА мәліметтері негізінде құрастырлған[14].					

Кесте мәліметтерінен байқағанымыздай, еліміздегі АКТ шығындарының құрылымында АКТ қызметін көрсетуші бөгде ұйымдар мен мамандарға төлеуге жұмасалатын шығындар үлесі барлық шығындардың арасында басым екенін көруге болады. Сонымен қатар жылдан жылға жоғарлап өсіп отыр.

Бұл елімізде осы саланың отандық мамандарының жетіспеушілігн білдіреді.



Сурет 2 – ҚР АКТ шығындары құрамындағы 2019-2023жж үшінші тарап ұйымдар мен мамандарға төлеу шығындары, (млн тг)

Ескерту: автормен ҰСБ ҚР СЖжРА мәліметтері негізінде құрастырлған

Зерттеу нәтижесінде белгілі болғандай, АКТ шығындары жылдан жылға артып келеді, дегенмен шығындар құрамында бөгде ұйымдар мен сырттан тартылған мамандарға төленетін қаржы көлемі басым екендігі, елімізде қажетті деңгейде АКТ саласының мамандары жетіспеушілігінің дәлелі. Осы орайда Қазақстанда АКТ саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылға қарай АТ қызметтерінің жыл сайынғы экспортын 1 млрд $- ға дейін жеткізуді, 2025 жылы й кемінде 100 мың жоғары білікті АТ мамандарын даярлауды және ЖІӨ-нің кемінде 1 % өсуіне АТ үлесін қамтамасыз етуді тапсырды.

АКТ-ның ұлттық экономиканың дамуына және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуде әсері келесідей. Бастапқыда жаңа технологиялардың экономикалық өсуге қосқан үлесі өндіріс құралдарын сапалы жетілдірумен, дәстүрлі технологиялардың өзгеруімен анықталады, бұл капиталдың органикалық құрылымының өсуіне, еңбек өнімділігінің артуына және өндірістік процестерді қайта құру мен жетілдірудің әсерін қалыпқа келтіруге әкеледі. Келесі кезеңде олардың қаржы нарықтарына әсер ету нәтижесі пайда бола бастайды. Үшінші кезеңде жаңа технологиялардың тез таралуына ықпал ететін факторлар әсер етеді, олардың әсерінен

экономиканың барлық салаларында белсенді өзгерістер орын алады. Нәтижесінде экономикада жаңа технологияларды қолданудың жиынтық әсерін кез-келген басқа дәстүрлі технологияларға қарағанда тезірек және үлкен көлемде алуға болады.

Экономикалық дамудың шикізаттық моделінен инновациялық модельге көшудің қажетті шарттарының бірі елдің барлық азаматтары үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен қызметтердің қолжетімділігі болып табылады.

Қазақстан Республикасында цифрлық трансформацияны жүргізуді SWOT-талдау

STRENGTHS *(*Күшті жақтары)	**WEAKNESSES***(Әлсіз жақтары)*
- қашықтықтан жұмыс істеу мүмкіндігі; - еркін нарыққа шығу қолжетімділігі; - төлемдерді жеңілдету әрі жеделдету; - өнімділік деңгейін жоғарлату; - қосымша жұмыс орындарының пайда болуы; - өнімнің өзіндік құнын төмендету; - өмір сүру деңгейінің қолайлы әрі ыңғайлы бола бастауы; - тұрақты экономикалық дамуға қол жеткізу; - отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, бизнесті жүргізу географиясын кеңейту ; - өндіріс пен қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру; - жаңа сату арналарын ашу (электрондық коммерция платформалары мен Digital құралдары жаңа клиенттер мен аймақтарға қол жеткізуге мүмкіндік береді)	- стратегиялық дамудың нәтижелік ауыткулары, нысаналы индикаторлардың толық орындалмауы; - қатаң экономикалық әлемдік бәсекелестер; - жеткіліксіз ассортимент пен қызмет көрсету; - сала мамандары жетіспеушілігі; - кадрлар ағыны; - аймақтық деңгейлердегі инфрақұрылымдық дисбаланс; - цифрлық шешімдерге байланысты шетелдік жабдықтаушыларға басым тәуелділік; - ғаламтор жылдамдығы сапасының аймақтық айырмашылықтары; - цифрлық алшақтық. Жалпыға бірдей цифрландыру бәріне бірдей қол жетімді емес.

OPPORTUNITIES*(*Мүмкіндіктер*)*	**THREATS** *(*Қауіп-қатерлер*)*
кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру; жаңа цифрлық форматтағы өнімдер даярлау; халықтың өмір сүру сапасын жақсарту; цифрлық ресурстар көмегімен мықты аграрлық-өнеркәсіптік кешен құруға мүмкіндік (еліміздің кең аумағы — қазақстан ауданы бойынша әлемде 9 орында): жаңа стартаптарды белсенді құру: «қара бухгалтерияны» жүргізуге кедергі келтіру (сыбайлас жемқорлықпен және адал емес схемалармен күресуге ықпал етеді): ел өндірісінің бәсекеге қабілеттілігі артып, бизнесті жүргізудің географиялық шекаралары кеңейеді	алаяқтықтың жаңа мүмкіндіктері; жұмыссыздық пайызының артуы; технологиялық алшақтық; киберқауіпсіздік мәселелері (құпиялылық, деректер ұрлануы); кәсіпорындар үшін құны жоғары цифрлық шешімдер; цифрлық құлдық. (Ғаламторды белсенді пайдалану адамның бостандығын шектейді. Оның жеке деректері қол жетімді болады, желідегі әрекеттер мен мүдделер бақыланады); цифрлық технологиялар саласындағы өзгерістерге мониторинг жүргізуді талап ететін экологиялық қатерлер, бұл тұтастай алғанда елдің экологиялық қауіпсіздігіне теріс әсер етеді; персоналдық тәуекелдер өсуі (қызметкерлердің цифрлық сауаттылығының төмендігі, қызметкерлердің жиі ауысуы)
Ескерту: автор құрастырған	

Қазақстанның цифрлық трансформациясы тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Өсудің тұрақты деңгейіне жету үшін экономиканың өсуін қамтамасыз ету бойынша жоспарланған жобаларды табысты іске асыру, республикада Стратегиялық жоспарлау жүйесін қалпына келтіру және үкімет қабылдауы, содан кейін іске асыруы тиіс жоспарларды табысты іске асыру өте маңызды.

Зерттеу барысында белгілі болғандай, цифрлық нарықты қалыптастырудағы реформалардың барлық кезеңдерінде Қазақстан Республикасында компьютерлік техниканың импортына, яғни АКТ саласының қызмет түрлері мен өнімдеріне тікелей байланысты екені анық болып отыр.

Қазақстан Республикасының цифрлық экономикасының қалыптасуы мен дамуы қазіргі цифрлық нарыққа тән қызметтердің қажетті базалық спектрін қалыптастыруға мүмкіндік берді. Цифрлық бизнес пен кәсіпкерлікте өндірістік-шаруашылық қызмет тиімділігінің оң серпіні байқалады.

Қарастырылып отырған кезеңде рентабельділіктің өсуі 7,6 %-дан 18 %-ға дейін өсті. Бұл жағдайда айтарлықтай табысты кәсіпорындардың үлес салмағы басым.

Қазақстанның цифрлық экономикасының серпінді дамуына қарамастан, оның экономикалық өсуге қосқан жалпы жиынтық үлесі циклдік сипатқа ие. Цифрлық экономика салалардағы өндіріс көлемі елдің ЖІӨ-дегі 2015 жылдан 2019 жылға дейін 2,64% - дан 2,29% - ға дейін өзгеріс көрсеткен.

Қорытынды

Қазақстан Республикасының цифрлық экономикасының ұйымдастырушылық негіздерінің экономикалық институттарының эволюциясы трансформациялық кезеңде сөзсіз болып табылатын белгілі бір проблемалармен ұштасады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Цифрлық экономиканы қалыптастыруда экономикалық өсімді тұрақтандыру негіздерін талдау саласында мынадай мәселелер анықталды:

– цифрлық тәуелділіктің жоғары деңгейі, АКТ жабдықтары мен

– өнімдеріне деген сырттан жабдықтаушыларға импорт тәеуелділігі;

Қазақстанның цифрлық экономикаға көшуі әлі де дайын

бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға және бөгде ұйымдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы мамандардың қызметтеріне басым ақы төлеуге сүйенетіні анықталды. Бұл жағдай АКТ шығындардың құрылымын тиісті құзыреттерге ие және болашақта Қазақстанның цифрлық экономикасына білікті және дербес қызмет көрсетуге қабілетті отандық мамандардың жеткілікті санын даярлау тұрғысынан қайта қарау қажеттігін атап көрсетеді;

– отандық өндірушілердің көпшілігі Индустрия 4.0 элементтерін

– енгізуге асықпайды, енгізудің қымбаттығына, мамандардың болмауына және қаржыландырудың болмауына байланысты себептерге сілтеме жасайды;

– кәсіпорындардың цифрлық трансформациясына кедергі келтіретін

– факторлар қатарында киберқауіпсіздіктің шектелуі, рұқсатсыз кіру, деректердің ағып кетуі, цифрлық стандарттарға, нормаларға сәйкес келу қажеттілігіндегі қиындықтар; жаңа технологиялар бойынша шешімдер жеткізушілерінің шектелуінен туындайды;

– цифрландыруды қарқынды дамытудағы кездесетін басты

–мәселенің бірі – экономика салаларындағы және секторлардағы цифрлық игерім алшақтығы, мысалы «Өңдеу өнеркәсібі – Қазақстанның тұрақты дамуының маңызды шарттарының бірі болып табылатын экономика саласы. Бұл ретте технологиялық даму бөлігінде кәсіпорындардың 80 %-дан астамы автоматтандыру және цифрлық технологиялардың төмен дәрежесімен

сипатталады. Ал қаржы секторы цифрландыруды қарқынды игеруші сала ретінде сипатталуда.

Мемлекет басшысы атап өткендей, «Цифрлық Қазақстан» еліміз үшін өте маңызды бағдарлама екені сөзсіз. Оны іске асырудың сәттілігі, ең алдымен, цифрландыру үрдістеріне мемлекеттік органдардың, нарықтың және халықтың қатысу дәрежесіне байланысты. Акт-секторды жүйелі дамыту, цифрлық инновациялық технологияларды тарту үшін қолайлы орта құру, дарынды жастарды қолдау шараларын көрсету арқылы мемлекеттік бағдарламада белгіленген нәтижелерге қол жеткізуге болады.

Цифрлық экономика экономикалық тұрақтылыққа оң әсер беруі үшін шешімді талап ететін келесі міндеттер:

– отандық кәсіпорындард үшін инфрақұрылымдық цифрлық дамыту бойынша арнайы индикативтік бағдарламалар әзірлеу қажет. Бұл ретте негізгі басымдық шағын және орта бизнес секторына бағытталуы тиіс;

– макроэкономикалық деңгейде АКТ саласының мүмкіндіктерін кеңейтуге инвестицияларды тарту және қаржыландыру стратегиясын әзірлеу қажет;

– деректерді талдау, робот жасау, нанотехнология сияқты жаңа сұранысқа ие бағыттар бойынша кәсіптік стандарттар мен еңбек нарығының талаптары негізінде білім беру бағдарламаларын өзектендіру қажет, сондай-ақ жасанды интеллект, заттар интернеті, блокчейн, BIM-технологиялар және т. б. сияқты технологиялар бойынша жоғары білікті әзірлеушілерді даярлау жөніндегі іс-шаралар нақты жүзеге асырылуы қажет.

Экономиканың тұрақты өсуі үшін оны құрайтын барлық элементтерді (өндірістік жүйе және дистрибуция жүйесі/қызмет көрсету саласы) дамыту қажет. Бұл ретте салауатты өндірістік цифрландырылған сектор ұлттық экономиканың ұзақ мерзімді табыстары мен өркендеуінің көзі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 2023 – 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы//https://adilet.zan.kz/kaz/docs.

2 **Буганова, А. А., Умирзаков, С. Ы., Нурпеисова, А. А.** Цифровая экономика и цифровая трансформация в Казахстане// Central Asian Economic Review. 2022. № 5 (146), С.155–168.

3 **Карпович, О. Г., Карипов, Б. Н., Ногмова, А. Ш.** Развитие цифровой экономики Казахстана//Проблемы постсоветского пространства. 2020;7 (4):485–494.

4 **Сергеев, Л. И., Сергеев, Д. Л., Юданова,А. Л.** Цифровая экономика. - Москва : Издательство Юрайт, 2024. - 437 с.

5 **Tapscott, D.** The Digital Economy: Promise and Peril in the Age of Networked Intelligence New York : McGraw-Hill, 288 p.

6 **Ефимушкин В. А.** Понятие цифровой экономики [Электронный ресурс] Режим доступа: https://bi.hse.ru/data/2017/03/30/11.

7 **Лопаткова Я. А.** Цифровизация как фактор достижения устойчивого развития мировой экономики // Вестник университета ГУУ. 2022. №12. С. 37–45.

8 **Басшиева, Ж. К., Мухамедиева, Г. М., Сыздыкова, К. Ш., Бокижанова, Ф. И., Маулина,Н. Х.** Цифровая экономика в Республике Казахстан//Вестник РОО «Национальной академии наук Республики Казахстан. 5(405) september-october 2023. с 348–364.

9 **Абдрахманова, Г. И., Вишневский, К. О., Гохберг, Л. М.** Что такое цифровая экономика? Тренды, компетенции, измерение [Текст] Москва. : Изд. дом Высшей школы экономики, 2019. 82 с.

10 **Козырев, А. А.** Стратегия на перспективу//Управленческое консультирование. 2016. № 1.С. 94–95.

11 **Лютова, М.** «Фаза развертывания» цифровой экономики// https://econs.online/articles/ekonomika/faza-razvertyvaniya-ekonomiki/(14.04.2021.).

12 Цифровой Казахстан Қазақстан Республикасының Парламенті https://senate.parlam.kz › storage (Қосымша 1)

13 Ұлттық Статистика Бюросы Қазақстан Республикасы Стратегиялық Жоспарлау және Реформалар Агенттігі//https://stat.gov.kz/

14 Общие затраты на информационно-коммуникационные технологии. Сайт БНС АСПиР. [Электронные ресурсы]. – https:// stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-it/dynamic-tables/

REFERENCES

1 2023–2029 jyldarğa arnalğan sifrlyq transformasia, aqparattyq-komunikasialyq tehnologialar salasyn jäne kiberqauıpsızdıktı damytu tūjyrymdamasyn bekıtu turaly Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2023 jylğy 28 nauryzdağy № 269 qaulysy. [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated March 28, 2023, №269 on approval of the concept for the development of digital transformation, information and communication technologies and cybersecurity for 2023-2029]. //https://adilet.zan.kz/kaz/docs.

2 **Buganova, A. A., Umirzakov, S. Y., Nurpeisova, A. A.** Tsifrovaya ekonomika i tsifrovaya transformatsiya v Kazahstane [Digital economy and digital transformation in Kazakhstan].Central Asian Economic Review. 2022. № 5 (146), P. 155–168.

3 **Karpovich,O. G., Karipov, B.N., Nogmova, A. Ş.** Razvitie tsifrovoi ekonomiki Kazahstana[Development of Kazakhstan's digital economy]. Problemy postsovetskogo prostranstva. 2020;7 (4): P. 485–494.

4 **Sergeev, L. İ., Sergeev, D. L., Yudanova,A. L.** Tsifrovaya ekonomika.[The digital economy.] Moskva : İzdatelstvo Yurait, 2024. – 437 p.

5 **Tapscott, D.** The Digital Economy: Promise and Peril in the Age of Networked Intelligence New York: McGraw-Hill, 288 p.

6 **Efimuşkin, V. A.** Ponyatie tsifrovoi ekonomiki.[The concept of the digital economy] [Elektronnyi resurs] Rejim dostupa: https://bi.hse.ru/data/2017/03/30/11.

7 **Lopatkova, YA. A.** Tsifrovizatsiya kak faktor dostijeniya ustoichivogo razvitiya mirovoi ekonomiki.[Digitalization as a factor in achieving sustainable development of the global economy]. Vestnik universiteta GUU. 2022. №12. P. 37– 45.

8 **Basşieva, J. K., Muhamedieva, G. M., Syzdykova, K. Ş., Bokijanova, F.İ., Maulina, N.H.** Tsifrovaya ekonomika v Respublike Kazahstan.[Digital economy in the Republic of Kazakhstan].Vestnik ROO «Natsionalnoi akademii nauk Respubliki Kazahstan.5 (405) september-october 2023. P. 348–364.

9 **Abdrahmanova, G. İ., Vişnevskii, K. O., Gohberg, L. M.** Chto takoe tsifrovaya ekonomika? Trendy, kompetentsii, izmerenie [Tekst]:[What is the digital economy? Trends, competencies, measurement]. Moskva. : İzd. dom Vysşei şkoly ekonomiki, 2019. 82 p.

10 **Kozyrev, A. A.** Strategiya na perspektivu. [Long-term strategy] Upravlencheskoe konsultirovanie. 2016. № 1. P. 94–95.

11 **Lyutova, M.** «Faza razvertyvaniya» tsifrovoi ekonomiki.[The deployment phase of the digital economy]. https:// econs.online/articles/ ekonomika/faza-razvertyvaniya- ekonomiki /(14.04.2021.)

12 Sifrovoi Kazahstan.[Digital Kazakhstan] Qazaqstan Respublikasynyñ Parlamentı https:// senate.parlam.kz › storage (Qosymşa 1)

13 Ūlttyq Statistika Bürosy Qazaqstan Respublikasy Strategialyq Josparlau jäne Reformalar Agenttıgı.[Bureau of National Statistics Agency of the Republic of Kazakhstan for Strategic Planning and reforms]. //https://stat.gov.kz/

14 Obщie zatraty na informatsionno-kommunikatsionnye tehnologii.[Total costs of information and communication technologies.] Sait BNS ASPiR. [Elektronnye resursy]. https:// stat.gov.kz/ru/industries/business -statistics/stat-it/

dynamic-tableshttps://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-it/dynamic-tables/

24.01.25 ж. баспаға түсті.
03.02.25 ж. түзетулерімен түсті.
17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**Д. Б. Калыбекова[1], Н. М. Шеримова[2]*
[1]Университет Международного Бизнеса имени К. Сагадиева,
Республика Казахстан, г. Алматы
[2]Торайгыров университет, Республика Казахстан, г. Павлодар
Поступило в редакцию 24.01.25
Поступило с исправлениями 03.02.25
Принято в печать 17.02.25

РОЛЬ ЦИФРОВИЗАЦИИ В УСТОЙЧИВОМ РАЗВИТИИ ЭКОНОМИКИ РК

В статье рассмотрены преимущества внедрения цифровых технологий и их влияние на экономический рост государства. Сегодня цифровизация рассматривается как важнейшая составляющая социально-экономического развития, входящая в глобальную повестку дня. Исследование тенденций цифровизации экономики привлекло особое внимание в связи с пандемией COVID-19, которая началась в 2020 году, продемонстрировала важность цифровых технологий и выявила ряд социально-экономических проблем в разных странах. Цифровизация оценивается как фактор достижения устойчивого развития экономики.

Цель статьи - рассмотреть вопросы внедрения цифровизации во всех сферах общественной жизни, особенно в важнейших отраслях экономики. Задачей внедрения цифровых технологий является ускорение темпов экономического развития любой страны, в частности Республики Казахстан, и, как следствие, улучшение благосостояния населения за счет использования информационно-коммуникационных технологий, а также обеспечение перехода экономики страны на совершенно новую ступень развития с минимальными затратами.

Для достижения цели использовались различные методы исследования, классификация и систематизация теоретических и практических данных по исследуемой проблеме; анализ нормативно-правовой базы, анализ статистических данных о текущем состоянии использования информационных ресурсов в Казахстане и выявление основных проблем и вызовов; СВОТ-анализ.

Выводы статьи - выявлены некоторые проблемы отрасли ИКТ для стимулирования экономического роста и важность предложений по интенсификации цифровизации.

Ключевые слова: экономический рост, цифровые технологии, кибербезопасность, интернет, цифровая экономика.

**D. Kalybekova[1], N. M. Sherimova[2]*
[1]K. Sagadiyev University of International Business,
Republic of Kazakhstan, Almaty
[2]Toraighyrov University, Republic of Kazakhstan, Pavlodar
Received 24.01.25
Received in revised form 03.02.25
Accepted for publication 17.02.25

THE ROLE OF DIGITALIZATION IN THE SUSTAINABLE DEVELOPMENT OF THE ECONOMY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

In the article, the advantages of the introduction of digital technologies and their impact on the economic growth of the state were considered. Today, digitalization is considered as an important component of socio-economic development, which is included in the global agenda. The study of trends in the digitalization of the economy attracted special attention in connection with the COVID-19 pandemic, which began in 2020, demonstrated the importance of digital technologies and revealed a number of socio-economic problems in different countries. Digitalization is assessed as a factor in achieving sustainable economic development.

The purpose of the article is to consider the issues of introducing digitalization in all spheres of public life, especially in the most important sectors of the economy. The task of introducing digital technologies is to accelerate the pace of economic development of any country, in particular the Republic of Kazakhstan, and, as a result, to improve the well-being of the population through the use of information and communication

technologies, as well as to ensure the transition of the country's economy to a completely new stage of development with minimal costs.

To achieve the goal, various research methods were used, classification and systematization of theoretical and practical data on the problem under study; analysis of the regulatory framework, analysis of statistical data on the current state of use of information resources in Kazakhstan and identification of key problems and challenges; SWOT analysis was carried out.

Conclusions of the article some problems of the ICT industry to stimulate economic growth and the importance of proposals for intensifying digitalization were identified.

Keywords: economic growth, digital technologies, cybersecurity, internet, digital economy.

SRSTI 06.71.45

https://doi.org/10.48081/EYEY2827

D. Kelesbayev[1], A. Kuralbayev[2], Zh. Zhetibayev[3], Zh. Alibekova[4], B. Keneshbayev[5]

[1,2,3,4,5]Akhmet Yassawi University, Republic of Kazakhstan, Turkestan.

[1]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4193-8121

[2]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6564-9711

[3]ORCID: https://orcid.org/0000-0001-9891-0309

[4]ORCID: https://orcid.org/0009-0002-8171-8163

[5]ORCID: https://orcid.org/0000-0002-4504-1418

*e-mail: dinmukhamed.kelesbayev@ayu.edu.kz

MEASUREMENT AND COMPARATIVE ANALYSIS OF THE QUALITY OF THE SECONDARY EDUCATION SERVICE

The service industry is a sector that plays an important role in the modern economy. Under the influence of economic, technological and social changes, this industry has become the main indicator that determines the level of development of countries. The quality of the service industry is aimed at meeting the needs of customers, and this in turn gives organizations a competitive advantage. Education is also an important part of the service system. It is considered as the main tool that develops the creative potential of society and ensures social justice and equal opportunities.

This research work is aimed at analyzing the importance of service quality in economic and social spheres, including the quality of educational services. Service quality is defined as the difference between customer expectations and actual service received. The field of education is an important field that ensures the development and future of society. The research was conducted in public and private secondary schools in Turkestan.

The main goal of the study is to determine the difference between the expectations of students from educational services and the actual knowledge they received. For this, the SERVQUAL model developed by A.Parasuraman, V.Zeitaml and L.Berry was used. In the course of the research, questionnaires were conducted and the obtained data

were analyzed using SPSS and Microsoft Excel programs. The level of satisfaction of students with the quality of education, the relationship between the quality of service and demographic characteristics was determined.

The results show that quality education has a direct impact on meeting the needs of students. The scientific value of the research is in the provision of specific recommendations for quality improvement using the SERVQUAL model in the assessment of the quality of educational services.

Keywords: service quality, secondary education organizations, measuring educational services, customer expectations and perceptions, quality measures.

Introduction

With the growth of the service sector, services have diversified and the number of service organizations has increased. Today, service organizations compete with each other in a free market environment. Service organizations must provide quality services that meet customer demands in order to gain a competitive advantage [1]. This situation shows the importance of service quality.

Service quality depends on a customer's perception of the service and what they expect from the service. Therefore, the expectation here is a relative measure. This definition or approach is contested by many researchers. Looking at these disputes, it can be summarized as follows: Service quality is a measure of how well the provided service was able to satisfy the customer's needs. Therefore, providing quality service means meeting the needs of the customer. The main research of service quality is based on the measurement of service quality. This is because an unmeasured element cannot be evaluated and developed [2]. The presence of some features that distinguish services from goods and do not allow measuring its quality makes it difficult to conduct research in this area. Similar difficulties arise when measuring the quality of educational services.

In this regard, educational activity is one of the important directions in the field of service provision. This is because people who will work in various fields in the future are trained with education. Education is the most effective tool that increases the creative power and productivity of society, allows people to develop their abilities, and creates social justice and equal opportunities [3]. If the quality of education is the value of education. The quality of education is defined as high-low or good-bad, depending on the perception of the examiner, the measure used. Some aspects of education are considered to be of high quality, while some aspects are considered to be of low quality [4]. The uniform quality of the educational system depends on the quality and mutual compatibility of the component elements

that make up and guide the system. In addition, since educational organizations are institutions that provide services, they also have customers who receive, that is, consume, these services [5]. Despite the fact that the concept of customer is often used in the education system, there are many similar but different works in the relevant literature that try to define who are the customers of educational services. Although students are identified as the main consumers of educational organizations in most of those works, there are also enough works that consider employers, employees, the state, industry, family and society as consumers of educational organizations [6; 7]. However, if we differentiate those literatures, in the majority of relevant literatures, it is mentioned that the consumers of educational services are learners, i.e. students [8].

In this regard, this research paper examines the difference between the expectations of students who are consumers of secondary education organizations from their schools and their opinions about educational services. The degree of fulfillment of the students' expectations based on the acquired knowledge is determined, and those indicators are compared according to demographic characteristics. Some mandatory limitations were also made during this study. The research work was conducted on students studying in the last graduating class of one private and one public high school in Turkestan. The reason for comparing one public and one private high school is that the class sizes of private high schools and public high schools are not the same. Such a procedure was used to determine the similarities and differences between the two variables and to make a precise and qualitative comparison. In other words, this research was conducted to measure and evaluate the quality of educational services provided in secondary schools, which are secondary educational institutions.

Materials and methods

The purpose of the study is to measure the expectations of high school students from the education and educational services they receive and how well these expectations are met. The results of this study on educational activities are evaluated in terms of different demographic data and characteristics of students. In addition, the differences in the quality of educational services between public and private secondary schools are determined. The purpose of this evaluation of the results is to contribute to the improvement of the quality of educational services of existing secondary schools.

In the course of the study, the «SERVQUAL model» [9] developed by A. Parasuraman, V. Zeitaml and L. Berry was used to measure and evaluate the quality of service. And the necessary data were collected from the students of the secondary education organizations included in the study through questionnaires. Microsoft Excel and SPSS (Statistical Program for Social Sciences) [10] were

